

12012  
37849к



*Жас толқын*

# Гүлжайнар ҚАЛДИНА



# Әке әлдіі



**Гүлжайнар  
ҚАЛДИНА**




**ӘКЕ ӘЛДИ**



Алматы  
“Жалын баспасы”  
2012

УДК 821.512.122 - 1v  
ББК 84 (5 Қаз) 7-5  
Қ 24

**Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін  
басып шығару”  
бағдарламасы бойынша шығарылды**



**Қалдина Гүлжайнар.**

**Әке әлдіі...: Өлеңдер./**

Қ 24 **Гүлжайнар Қалдина.** — Алматы:

“Жалын баспасы” ЖШС, 2012. — 160 б.

ISBN 978-601-7286-53-8

Ақынның “Әке әлдіі” атты тұңғыш жыр жинағына соңғы жылдары жазылған өлеңдері топтастырылған. Ақын қоғам тынысын, замана үнін ұлттық рухпен астарластыра жырлауға ұмтылыс танытып, оқырман талғамына өзінің азаматтық ұстанымын ұсынады. Өлеңдерінде көркем теңеу, астарлы ой жас ақынның ұтымды қадамдарын айқын аңғартады.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Қаз) 7-5

ISBN 978-601-7286-53-8

© Қалдина Гүлжайнар., 2012

© “Жалын баспасы” ЖШС., 2012

*Бұл жыр жинағымды марқұм әкем  
Нәрен Жетпісбайұлына арнаймын*

\* \* \*

Кейде барым,  
Кейде жоғым беймәлім,  
Екі дүние есігіне сыймадым.  
(Ұлы ісің деп ұлықтар ма ұлы ием,  
Үйлестіріп, келейінші үй қамын)...

Үнім қайсы?  
Қанжарым жоқ қындағы,  
Сірілі екен мендік үннің үр жаны.  
Жапырақ та жылап тұрып жымиып,  
Ай құлағын жауып тұрып  
тыңдады.

Кеуек көңіл кептіргенмен аңқамды,  
Тоқта, тамыр!  
Қалдырып кет қаңқамды.  
Күлім қағып күнге келіп тұрдым да,  
Ұрын барып  
Түнге салдым қолқамды.  
Тұжырымым — ол таңғы.

Тәнім тоңды.  
Жаным жанып тұрғанда,  
Сәнім солды.  
Ұры көңіл үрланба!  
Нар денемнен наз ақтарып көрейін,  
Көрші ғалам, біз айтпаған сыр бар ма?

Жаныма үңіл!  
Жанарыма бас ұрмай,  
Досым кедей болғанымен  
Қасым — бай.  
Өмірмен де келіспейтін күйім бар,  
Миллион мен нәлдің айырмасындай...



## МҮСІНШІ

Тоңмойындар торына  
Қайрылғым жоқ...  
Түсінші!..  
Алтын жұғып қолыма,  
Болып алдым мүсінші.

Пендешілік — сый мыңға,  
Құбыжық — ой...  
Аран — нән...  
Көз жасымды құйдым да,  
Саз иледім санамнан.

Сұрамадым шешімді,  
Ойдан орман — жол үсті...  
Кескіндеп ем кесірді,  
"Бөжәй" болды келісті.

Музейімде айнадан  
Көрсін өзін "Биіктер"...  
Жүрегіммен ойнаған  
Жанның бәрі — кейіпкер.

Қоғам — қарттың ала шаң  
Қарашығы жай күнгі...  
Сұрауыңды ал,  
Қаласаң,  
Қақыратса қайғыңды.

Көңілімнің уымен  
Орнатқанмын...  
Амалсыз...  
мүсіндердің түрінен,  
Өзіңізді табарсыз...

\* \* \*

Дерті қалың Ай неге?  
Күлкі қашты күннен де...  
Жетіскенді бай деме  
Желіккеннен күлгенге...

Қызыл, сары, ақ шарап  
Жердің бетін жуып тұр...  
Қабырғада қас... қабақ...  
Танытады суық тұр.

Кежегем де керіліп,  
Кері тартып көрпесін...  
Кәрілеу мұң...  
Өлі үміт...  
Өзегімді өртесін...

Арзан ардың сотынан  
Тәубеге кім тойынбақ?..  
Құл басымның отырам,  
Құлпытасын оюлап...

Тәңір көріп тиыңды,  
Тәуір көріп бергенді...  
Еншіме мұң бұйырды  
Елу қарыс...  
Ең кемді...

Тектілерге — төр үлгі,  
Тепкілесен — соры елдің...  
...Кеп тіреймін өмірді  
Өңешіне Өлеңнің.



\* \* \*

Сен келесің әйтеуір...  
Күте берем,  
Төзімім де итжанды...  
Бітер емен.  
Жанарымды жастанған сағыныштан,  
Ойларымды ойрандап түтеді өлең.

Күн кірпігін ілгенде... Ай хабаршым,  
Айнымасқа берік сыр байлағансың.  
Өзегімде өртеніп... Өлең болып  
Өмірімнің өңіне айналарсың.

Жел жетеді желігіп... Дерек алып,  
Ес кетеді есті-есерді елеп анық,  
Жапырақтың үстінде жаным мұздап,  
Отырам мұңға жанды бөлеп алып.

Айды кетті адастырып жаңағы әнім.  
Сол болар бәлкім сенің қалағаның.  
Ырым еттім.  
Сен сипаған шаштарымды,  
Тарақтан да қызғанып тарамадым.

Түн табаны тайғақтап әні-міне,  
Уақыттың әлім жоқ әміріне...  
...Жүрегімді осылай жұта берем,  
Тілегімді табыстап Тәңіріме.

Сен келесің.  
Білемін.  
Күте берем!  
Төзім берік темірден — бітер емен.  
Келбетіңе айналып өзің болып,  
Бір жапырақ ғұмырлы бітеді өлең.  
Күте берем...  
Күтер өлең...

\*\*\*

Сипа, самал,  
Бұрымды тарақта,  
Сиың болсын маған тартқан сол қымбат.  
Өмір деген өзгермелі параққа,  
Гұмырымды алып келдің алқымдап.

Мың өзгерді...  
Күз де көшіп қыс қонды,  
Апа-ау, айтып ұйықтатшы баяу ән...  
"Ақ серек те көк серек"\* те  
...түс болды,  
Құмарымды қандыра алмай оянам.

Күндерімнің жоғалтып ап ұйқасын,  
Сағыныштан сағым қуып кетермін...  
Жеке меншік...  
Мен жайғасар "жиһазым",  
Құтты мекен — қос тізесі әкемнің.

Сағындырды...  
Ұлы Борсық, көш бері,  
Ой дәнегін орып күндер өтер кей.  
Елесіңнің ең елеулі ескегі  
Ыстықсың-ау, анам менен әкемдей...



---

\*Ақ серек, көк серек — балалардың екі топқа болініп ойнайтын ойыны

## ӨЛТІРЕ АЛМАЙМЫН

Құшағыма сыйдырғандай аспанды,  
Құштым сені. (Өтінемін, сынама!)  
Жанарымды жарқын бейнең жастанды,  
Кірпігімнен тамшы болып құлама!

Бақыт осы — көңілім де бай үміт  
Сезімімнің тал шыбығы, көктеші!  
Жалғыздықтың сырқатынан айығып  
қалдым бүгін.  
Кетпеші!

Маңдайымнан енді ғана сүйді Үміт,  
Сол — сенерім... Дәруім.  
Жүрегімді уысыңа сыйдырып,  
Татып көрші сезімімнің бал, уын.

Ынтық көңіл жайланды да сол сәттен,  
Бал деміңнің буы кетті бой алып.  
Құшағыңда қалсам мәңгі...  
...қап, әттең,  
Өз ойымнан өзім шошып оянып...

...Сор болмаймын...  
Және бағың емеспін,  
Қыстауыма қыстығумен оралдым.  
Ғұмыр бойы бітпейтұғын елестің,  
Кейіпкері боп алдың.

Түн.  
Сағыныш.  
Шығарғандай өкім Ай,  
Солып бітті мендегі бар тілек — Гүл.  
Елесіңе ере алмаған жетім ой,  
жүрегімнің түкпіріне түнеп жүр.

...Өлтіре алмаймын...

\* \* \*

Сүймек түгілі...  
Сені ойлау күнә маған,  
Күнәсіз періште емес бірақ адам...  
Сағыныш сағатының әр секунды  
Кезі бар ма мені бір сынамаған?

Бұлттан да биік қойып,  
Үміттен де,  
Елесіңді сақтап жүр тұлып-кеуде.  
Қақың жоқ оны маған ұмыт деуге!  
Мұз құрсаңған жүрегің жылымай ма —  
Көктем кеп жібіткенде?

Жолы алыс,  
жүрегі жақын ұлға,  
Бармайды хат жазуға батылым да.  
Қиялымның жолында құрбан болды  
Қаншама шақырымдар?

Қаша алмайды елесің түнде менен,  
Арпалысам, шөккендей шөлге кедем.  
Сезіміме бір ерік бермей келем.  
Саған деген сағыныштың сары мұңын,  
Мәңгілік жүрегіме жерлей берем!

Әттең!!!



## ӘКЕ ӘЛДІІ

Мұзарттың маған биігін тілеп,  
Күйігін өзі жасырып баққан.  
Мейірін шексіз үйіріп жүрек,  
Әлемге нұр боп шашылып жатқан.

Асқақ ойымның аңсары биік,  
Жанарға тамшы үйірді мұңым.  
Сағынышымның саусағы сүйрік,  
Күмбірлей тартты күйінді бүгін.

Елеңдеп жүрсем, ән-күймен бағып,  
Еркелей білсем, кешірдің талай.  
Арқалап жүріп, әлдиге салып,  
Арқалы қызды өсірдің солай.

Батасын бердің балаң жырымның  
Тағдырымменен туысқан өлең.  
Ауа жайылған адалдығыңның,  
Ақ самалымен тыныстап келем.

Текті терегім тамыры терең,  
Тәбәрік болып тағылым мәңгі —  
Қабағындағы қадырыңменен,  
Жанарыңдағы жалының қалды.

Көңілім кесе көйлегін мұңның —  
Түсімде күн мен айналдың айға.  
Әкешім, әсем әлдің — үнің,  
Әуелеп әлде кетті ме?  
Қайда?

Көбейді күндер мұңым тербейтін,  
Санамды сарқып сағыныш демі  
Әке, түн тағы тыным бермей тұр,  
Әлдіңді айтып, тербеші мені.

## ӘКЕМНІҢ ӘНІ

Төңірегім толы ән.  
Мұң?  
Қуаныш?  
Қай ырғақ?  
Шумақтарды шұбыртып  
қайтарғанмен қайымдап.

Сынық жарты көңілдің жары  
мұңын сыйғызып,  
Шанағынан күндердің  
шашылғанмен күй қызып.

Сырнайы тұр әкемнің әніне сыр түйгізіп,  
Домбырасы пернесін сағынышқа сүйгізіп.

Мен — сағыныш мекені  
Тамшы болып төгілдім,  
Жетім аспаптарды да жеп  
бітердей жебір мұң.

"Әке!" деген күбір мың  
көкірегіме байланып,  
Асқар тауын аңсаған шерлі  
ұларға айналып

Әнін іздеп әкемнің елегізіп отырам  
Түнде түс боп көрінген елестердің атынан  
Айтайыншы!  
Ұйықтаймын көру үшін түсімде,  
Мен осылай жұбанам.  
(Өзге мұңым ішімде!)

Аспаптарын әкемнің шаңнан  
қорғап шырылдап,  
Саусағымды тигізсем,  
сөйлеп кетер ыңылдап.

Олардың да шері ме сағыныш боп төгілген?  
Әр нотасы, ырғағы көріскендей менімен.

Сенің әнің мен болып төгілуші ем, әкешім,  
Енді менің толассыз шумағым боп өтесің.

Енді менің толассыз шумағым боп өтесің!



ІЗ

Толқын-толқын белуардан бері асты,  
Жан дауысым жаңғырады жұтылып.  
Жасыл көктем жазығынан адасты,  
Күнделіктің күбірінен ұтылып.

Күндер көшті.  
Табырға ерген сығандай,  
Талай түнді оятқанды таңғы леп.  
Уақыттың уысынан шыға алмай,  
Жанарымның жастығы тұр жәудіреп.

Қала мынау — бұлдап берген төрін кей,  
Тынысы тар тірлігіне жүгініп.  
Көшесінде қалды ма деп көрінбей  
Іздеріме қарай берем үңіліп.

Іздеп келем.  
Жақ ашпайды мақұл деп,  
Шегінер жоқ,  
Қажеті не әуренің?!  
Анашымның жаулығына жақын кеп,  
Қол созып тұр дәуренім...





\* \* \*

Қыс көшіп барады...  
Қар жылап...  
Қимасым, әніме сал құлақ,  
Сен солай кеткенсің  
Қайрылмай  
Ер-тұрман көрмеген арғымақ,

Енші алдым мол мұңнан...  
Алда боп...  
Жанымды сүйрелеп жарға көп.  
Жалыны өшпеген... Лаулайды  
Ернімде қалған от.

Биіктен бағыттап бүгін дем,  
Жүгіргем...  
Өзіңе жүгінгем...  
Мен сенің көгіңде ай болып,  
Сүйемін төгілген нұрыммен.

Үмітін үрлеп тұр мына күн,  
Суықтау сендегі сірә, мұң.  
Мен сенің күлкіңе айналып,  
Көзіңнен төгіліп тұрамын.



\* \* \*

Көземе толған у шұбаттан мұң татып,  
Таңдана бердім:  
Талайлар ішті-ау, обал, ә!  
Қиян ата, қияли күнді құрғатып,  
Көп қара қойды қойыпсың қамап қораға.

Меселі көптің өз мекенінде матаулы,  
Бес елі бастың бағы таймайды.  
Күшті арман...  
Емізіктен кейінгі күн сақау-ды,  
Табанымды сипа-а-ап шоққа ысталған...

Күллі әлемнің көзіндегі қоқымы,  
Мұң қоғамның  
Жанарынан таймаған.  
Бұл жалғанның жағылмаған отыны...  
Бұлбұлдан қап  
қарға салған қайдағы ән?

Қайран менің қайманам...

Шар ұстаған шат көңілдер айтады,  
"бағы ұшпаған көрер көзге біз ғана"  
Аспандағы айыбы жоқ Ай кәні  
Күнге көзін көп тастайды қызғана  
Күннің де өзі мұз қала...

Сіңір тартып  
Сірі қылған тірліктің,  
Жыры мәлім.  
Қарсы уәж жоқ, сірә.  
Тынымды алған  
Көк өрігі күндіктің...  
Теңіз терең емес рас,  
Топшыла!

Құмалағын аштырайын бақсыға...

Жайсаң жаннан сұрап едім жұтым ән,  
Үнсіз.

Сірә, ашылмады бір ғалам.

(?)

Ернеуі жоқ, ескі есіл құтыдан,  
құтыла алмай тырбанам...



## ІЗДЕУ

Қиянда қиял құс алар,  
Құр шапқан бірақ құмай түн.  
қайыра алмадым,  
құса бар,  
құлыбын ішкі сарайдың.

Көгілдір кетті ұшып күз,  
Кең етектейін бар айдын.  
Нұры емес, мұңын ішіппіз,  
Көкжиектегі арайдың.

Кебістен қашса, көнбіске  
көнбес те кіреді екен-ау...  
Сығалап сезім енді іске,  
Бекінер... бәрі бекер-ау.

Кірпігін түннің ілдірмей,  
Суырдық жүрек  
Құр өкпе.  
іш құсы кеткен кімді ілмей,  
Қаршыға қайрат тұр көкте.

Керімсал кезден ұзамай,  
Күліп көр!  
Күнге кім ие?!  
Диірменді талқан бұза алмай,  
Дірілдеп тұрған дүние...

Кептіріп ойдың кемерін,  
кемеге кере ертпеген.  
Кесімсіз тағдыр белбеуін,  
Бақанға барып ерттеген.

Мекені құстың жырақ тым,  
Қараймын құмар қана алмай.  
Жат қолындағы шырақтың,  
Жарығын жүрмін көре алмай...

\* \* \*

Көк арманым!  
Көнбей кеткен бақысың?  
Бұлтта ізің.  
Бар ма көкте қолтаңбаң?  
Таң нұры боп мені өпкен жоқпысың,  
Сені көрдім сол таңнан...

Самалдан да сая іздеген  
Гүл — жүрек,  
Бейнеңді іздеп үнім неге қамықпақ?  
Қиялым — күн  
Бауыр бұлттай үлбіреп,  
Мен келемін қалықтап.

Бізге ғалам шаттанбайды қол соға,  
Құр сенделу.  
(Себепсіз жан босқан ба?)  
Ұмытыппын.  
Аяқсыздар болса да,  
Қанатсыздар жүрмейтінін аспанда.



\* \* \*

Тағдыр қосса бізді егер...  
Он сегіз мың ғалам бәлкім гүлденер.  
Әлем шырқап әсем ән,  
Ғарыш бізге айды берер.  
Күн берер,

Тағдыр егер қосса бізді кім білген?  
Жыр суыар ақындары,  
Гүл ұсынар бағбандары бір-бірден.  
Жүрек біткен кеуделерге сыймайды,  
Баршасына бақыт қонып үлгерген.

Тағдыр бізді қосса —  
Мүмкін жоқ қайғы,  
Жан біткен шат,  
Мұң атаулы тоқтайды.  
Қан жүрмейді бойына,  
Жан кірмейді қайғыға,  
Жоқ қайғы.

Тағдыр қосса бізді баққа бастайды,  
Зарығу да,  
Сағыну да аяқ аттап баспайды.  
Бола алмайды ешкімге де дос қайғы.

Мұңсыз махаббат та болмайды,  
Сондықтан да,  
Тағдыр бізді қоспайды.



\* \* \*

Теректің желегін тауысам,  
Іздеймін.  
Белгілі таппасым.  
Өзіңмен мен күнде қауышам,  
Қиратып қиялдың қақпасын.

Сен кеткен жүректен жан кеткен,  
Кеудемде зіл батпан тас қана.  
Келіпті гүлі жоқ қар көктем —  
Масқара!

Көкті де шарладым.  
Жоқ хабар,  
Адастым құс жолдан ес кетті.  
Күні ертең бақ болып кеп қалар,  
Ал бүгін...  
Тағы күн кештетті.

Бойымды билеген бір үміт,  
Көлеңке кескінді табады.  
Шырақтың сәулесімен жүгіріп,  
Тек соқыр сұлбаңды салады.

Сен үшін түлеген тілек те,  
Сұрарсың сандалған самалдан.  
Жанарың жатталған жүректе,  
Жаның жүр қаныма таралған.

Сағынсам жүрекпен өбетін,  
Сол ғана медетім.  
Сен болсаң — жоғалдың  
Іс жасап қолыңнан келетін.

## ЖАЛҒАСУ ЗАҢЫ

Жылулыққа жымиған жүзім барда,  
Тағдырымның тамшысы тізілді алға.  
Жауһары жанымыздың жанарларда.  
“Қыз емес,  
Қыздың аты — қызыл алма”.

Кере созып атады таң қабағын,  
Сұлу сыры Сері мен Салға мәлім.  
...Соғылып қалмасын деп бақта әкем,  
Баптап жүр уылжыған алмаларын.

(Көңіл көп. Күн болатын Көсемге еріп,  
ән салып қосылсам ба? (...есем берік...)  
Суғарып анам отыр суармада,  
“Алмалар өсер” — дейді “әсемденіп”.

Жалғастық заңын Жаһан ұмытпады,  
Тоқтаусыз түсер топқа құрық тағы.  
әсемдігі,  
әрлісі алмалардың,  
Ошағын орманының жылытқаны.

...Өнеге өрістесе өніп өрен,  
Ана ақылы, әкенің теріменен.  
Аяңдап келдім мен де алма баққа,  
Жылдардың жаңылмайтын жолыменен.

Уақыттың уығынан нәр шығыпты,  
Бақыттың бақшасында жаршы мықты.  
Серігім сапты кетпен ұстағаны,  
Баптап жүр буыны жас талшыбықты.



Көңілім кетпесін тек кеселденіп,  
Қайтемін боқ дүниені бос өңгеріп?!  
Суғарып мен отырмын суармада,  
"Алмалар өссе" деймін – "әсемденіп".

Жемістер жылдар жібін сабақтасын,  
Қарық қып жарық тірлік әр отбасын.  
Өмірде балбыраған алмалардың,  
Бағына Бақыт қана қонақтасын!



## АНА СӨЗІ

Жанарымның жарығынан жаралған,  
жаратқанның сиын құштым құндақтап.  
Әлдиімнің әсерімен таралған,  
Тамылжыған таңым да аппақ,  
түн де аппақ.

Әнім,  
сәнім,  
жаным да енді жүдемес,  
(Ана атты ардақты атқа ырғақ тап.)  
Төрт бөлінген түнгі ұйқым да түк емес,  
Өзегіңе өң бергенім тым тәтті-ақ.

Уысында мен қалаған бақ-несіп,  
Ұртыңдағы ұрттам сүтпен нұрландың.  
Анаңа да мекен болған ақ бесік,  
Шынашақтай иесімен ырғалды.

Құйтақандай қожайыным — бөбегім.  
Тыншымасаң — бар бұйрықтан зоры сол  
Тал бесікке бүтінгі ие сен едің —  
анаңның да өткен күнгі қонысы ол.

Уысыма ырыс толған игі күн,  
Анаң уыз татқан сәттен бөбегім.  
Өз өмірім,  
өзіме сай биігім,  
Тәбәрікке тартылғаны — өлеңім.

Саған берер асыл сиым — сол ғана,  
Жыр суырдым жүрегімнің тұсынан.  
Жұмақ жаққа алған күні жолдама,  
Жарығымды жалғарсың деп ұсынам...

\* \* \*

Тәңірім, татыршы бір тамшы бақыт,  
Бөбегім, күн боп ендің көңіліме.  
Сен үшін саусағымнан сөл шығарып,  
Ем қылып тамызайын ерініңе.

Сені айналған сырқатты жойып тынам,  
Жүрегімнен үрленген отты алаумен.  
Күлкің келіп қонады,  
Қашып күмән.  
Сен — шат сәби.  
Бақытты ана боп қалам мен.

Жаһанға көрсететін келбетім сен,  
Қаһанның қайраты бар қауқарымда.  
Әлемнің әлдиімен тербетілсең,  
Жырымның жуындырам жауһарына.

Кірпігім қоштасса да мың түнімен,  
Шаттықтың шатқалында тұр ғұмырым.  
Құндақсыз құрсақтағы бүлкіліңнен,  
Тәтті екен бұл жақтағы былдыр үнің.

Бал күлкім, балауса үннің шуағын бер,  
Жалғасқан жарығыма қайтар ғалам.  
Ешкімге қайта оралмас бұла күнге,  
Ешкім де ешқандай наз айта алмаған...



## САРЫ МҰҢ

Құшақтағым келеді мұңды кейде,  
(Жасыра алмай қалады-ау сырды бейне!  
Жырым-жырым жүректі жамай алмай,  
Мен жыладым.  
Әлдекім күлді дей ме?

Көңілімді көктеткен, айхай-құсым,  
(Сезіміме жетер ме сайтан күшім?)  
Кірпігімнің ішінен күрсінетін,  
Менің сары мұңымды байқармысың?

Сары мұңым...  
Сал мұңым — қасыңдамын...  
Бақытым болар ма едің басымдағы?..  
Сен деп соққан жүректің дүрсіліне,  
Ақылымның қақпасы ашылмады.

Сезімнің мойынсұнып жарғысына,  
Ілесіп ұшсам ба екен таң құсына?..  
Сен айналып кеткенсің  
Көзімдегі  
Сағыныш сарайының тамшысына.

Жүрек байғұс жүтініп АРҒА мына,  
Жаутаң-жаутаң қарайды жан-жағына.  
Қиянаты жүрмеген қыран тектім  
Қиялымның жан баспас орманына.

Мен өзіңе айналдым, жаным... Ұғын!..  
Жоқ!  
Шырқама сезімнің әнін бүгін!  
Мен сені көктетемін көкейімде —  
Сап-сары сағынышым... сары мұңым...

## ЖАЙЫҚТА ҚАЛҒАН САҒЫНЫШ

Өзгелерге өректіген өр кеуде,  
Болады екен жылауға да шер пенде.  
Бір-біріне сүйсінетін жалғанда,  
Жалқыларға жармасатын сор кем бе?

Арман болып алыстағы биік тау,  
Күнәм — көркем көздеріңнен күй ұқпау.  
Жармассаң да жарығына жалғанның.  
Күлкімді бер!  
Күміс бағым тұйықтау.

Сызыл әнім, әсерінен сор басым,  
Сызылта бер қайырмасын,  
жалғасын.  
Ашық айтам Әзірейіл келсе де,  
Көмейіме құйсын сосын қорғасын.

Азалайтын жапан түзде тал жалғыз,  
Ғазал айтып,  
Ғаріп мұңмен қалған қыз.  
Бүгінгісі пері дауыл.  
Пейіш — мұң,  
Ертеқ бақыт —  
Ертең оны сомдармыз...

Кеш кездестік.  
Осы бізге айып мың.  
Мендік үнді кең санаңа сай ұққын!  
Сенің бейнең қонақтады санамда,  
Біздің бейне — жағасында Жайықтың.

Ғайып өмір.  
Ғайып тірлік.  
Ғайып түн.  
Жайып уын жайлап өткен қайып мұң.  
Үнім қалды бақшасында байыптың,  
Ал, мен өзім Наласы нән Жайықтың.

\* \* \*

Бағынбайтын бақ тұғырым,  
Күллі әлем күліп бақсын.  
Кірпігіңнің тәттілігін,  
Ұлы ұғымдай ұмытпаспын.

Шашылмаған  
Шашың мына,  
Шабаданы бойжеткеннің.  
Терілмеген қасың — қына,  
Сөзім — шабан  
Ой жеткен күн.

Жай отындай жанарыңда,  
Жасырынған жарасым бар.  
Қала алмаймын қамалыңда,  
Таласым бар...  
Қарасыңдар!

Алақанда арың биік,  
Балапанға панаң дайын.  
Бақшам — Бақыт,  
Бағым — Ұйық,  
Басқасына... амалдайын.

Ертеңінді ел көріп пе  
Ойың — биік,  
Сырың — дара...  
Бағынатын пенделікке,  
Бүгінімнің жыры ғана...

Кешір мені...

## ҮН

Қос жүректен,  
Мейірі мол қос үннен,  
Пайда болған қос тағдырдан "қала" сап...  
Маңдайдағы жазуым бар көсілген,  
Бет алысы — болашақ,

Сағат тілі уақытты уыстап,  
Жылжымалы жыл параққа ұсынар.  
Бейкүнә әлем бара жатты жылыстап,  
Үлкен өмір тұсынан.

Қара сирақтан эстафета қабылда,  
Етегін жапқан есті күн!  
Маңдайға жазған бақ пенен сордың  
барын да,  
Баптаумен өтер бес күнім.

Екі жүрек бір ошаққа жылынып,  
Алтын алауын жаңдырған.  
Жеңіс көрсем,  
Көрсем яки жығылып,  
Берешегім бар секілді тағдырға.

Бағым бар бүгін басындай ғана бармақтың,  
Сорыма соны мас қылма!  
Тәңірдің сыйы — сөнбес жарығы  
Жәннаттың,  
Нәзік табандар астында.

Күнге де бердім,  
Алақанымнан жылуды,  
Қол жайдым көкке:  
Арымнан кетпе, ақ ибам.  
Тағдырымсың — сырымды айтам...  
Шынымды,  
Шылдыр шүмектегі сақинам.

\* \* \*

Берекемді қашырма!  
Енем анық —  
Көңілсіздеу (байқаймын)  
Көнем ғаріп.  
Көкем келді бүгінде базарына...  
Отырған жоқ көпшілік өлең бағып.

Отырмайды әсте олар өлең бағып,  
Қуыршаққа қараған елең қағып.  
Өткелі кең өзеннің  
өңі өзгеше,  
Өңешімді өзекке жөнелді алып.

Төңіректен аспайды төбем нағып?  
Көрсетпейді тұрағын төменгі арық,  
Баспалдаққа басайын  
(...базынам жоқ...)  
Баспанама бұрылып берем жарық,





## ҚАРА ҚЫЗ

Иыққа шашы төгіліп,  
 титімдей ғана көрініп.  
 Арылмас мұңға беріліп,  
 Қабырғасы сөгіліп.  
 Бірде алға жылжып,  
 тебініп,  
 Бірде тым кейін шегініп —

Жалғыз аяқ жол.  
 Қара күз.  
 Келеді тағы Қара Қыз.

Жанары жасқа малынып,  
 Қара шәлі жамылып.  
 Мұңнан моншақ тағынып,  
 Төңіріне табынып.  
 Хантөңірісін сағынып,  
 Жанартаудай жарылып,

Сағыныш мұңы зор еді,  
 Қара Қыз тағы келеді.

"Сағына атты ақ таңым,  
 Зарыға күткен шақтарым.  
 Тағы да келдім.  
 Таппадым,  
 Әкешім, бір тіл қатпадың.  
 Топырақ-көрпе жамылып,  
 Тым-тырыс қана жатқаның,  
 Жаныма осы — батқаны."

Жылады тағы Қара Қыз,  
 Селт етпейсің, қара күз!

Жары жаз көңіл,  
жары күз,  
Бір – тыныш,  
бірде – жарылыс.  
"Әке!" деді.  
Мұңы бір –  
Қара Қыз – Сары Сағыныш.  
Қараның Сары мұңынан,  
Қара күз, сен де қанып іш...



## АНАМА ХАТ

Даракы ойдан ада қалдырған,  
Зәрсіз қаттылық — өмірлік пайым.  
Қап-қара шашқа ақ қар шалдырған,  
Мендегі тағдыр — сендегі уайым.

Жаулықты жолдың өрімі қанша?  
Жатбауыр етпес жаныңа кеңдік.  
Нәзік жүректі гүлің болғанша,  
Емен боп неге етпедім ерлік?

Қиянға қалқып құс қанат кезбе,  
Алар да ұшар азықтық ұнды.  
Көлбеңдей шықты керімсал кез де,  
Табыстап маған нәзіктігіңді.

Таңымды ойлаған тынымсыз түнің,  
Тосқауыл болып тиген де қамшы.  
Тентек торы ма?  
Кінәсі мұның —  
Торлы өңге салған іздерім айшық,

Тарамыс қолдан тағдырыңды ұқтым,  
Тартса да тағдыр қиясы мұңға.  
Торыған топтан баладай күтгің,  
Танадай көздің ұяшығыңда...

Кеттім де еніп ішіне демнің,  
Күрсіне берді аңсап таңың да.  
Көлбеңдеп, Ана, тізіле бердім,  
Көзіңнің мөлдір моншақтарыңда...

АНАМА ХАТ – 2

Жүрегім титтей жұмыр ойлардың ордасы,  
Кеудеме сыймай сандалған.  
Меңіреу түндер меңіген мұңның жолдасы,  
Таңым да түнге арбалған.

Аралда қалдым шынжырсыз шыңға  
шыға алмай,  
Келер ме анам айт, сағым.  
Ит өлген жерде иттеніп жүрмін үре алмай,  
Ұлғаяр қайғым қайтса күн.

Жүдедім, ана, жүйкем түтіліп, мың ойдан,  
Сағыну әлде жыл құстарына тән күй ме?  
Құлыншағыңды жалы жығылып,  
мұңайған,  
Құшағыңа алып, әлдиле.

Әлдиле, ана, үніңді күнмен көмкеріп,  
Саяңда әсем жұмақ бар.  
Сағынып сізді отырмын мұңға өртеніп,  
Пана жоқ жақын тұрақтар.

Ақын қыз тудың,  
Азабың осы, анашым,  
Аяймын сізді. Өзімді.  
Көңілден ән боп, көзімнен жас  
боп тамасың,  
Жүрегім титтей езілді.

Сағындым, ана!

\* \* \*

Өңін ойлап өңештің өзім кеткем,  
 Өкпелеме, қара өлең,  
 Қарымды өлең.  
 Қарайғанның қадірі көзімді өпкен,  
 Қарашығы бағаланып барымменен.  
 Уақыттың уығына қона тұршы,  
 Қыдырыстап қайтайын жарымменен.

"Қызықпаспын қызылдың қызығына".  
 Сертім құрбан.  
 Құбылған көшке еріп...  
 Кеше ғана қол созған түз ұлына,  
 Кесте тіктім.  
 Естелігін ескеріп.  
 Түсейін дәу көшенің ұзынына,  
 Ақылым тұр көңіл әнін қош көріп....

"Пайдасы жоқ пәлсапаң ба осы?" деп,  
 Паң көңілдер аулақ қонды іргеден.  
 Ескі үйдемін.  
 Есім кетті есінеп,  
 Меніменен ұйқы қандыр бірге өлең.  
 Қыруар іс қылтияды.  
 Көшім көп,  
 Таң атқан соң  
 Түн деген...

Суығыма бірге тоңған кей ықтас,  
 Мақсаты бір —  
 Менен талқан түйіп... жеу...  
 Менің бағым өзіңменен тұйықтас,  
 Сенің бағың Биіктеу!

## ҚАЛАМЫМ

Қылғынып барасың...  
Ұғындым.  
Әспеттеп мен жазған жырымды.  
Сен-дағы айта алмай сырыңды,  
Мен-дағы жаздым мың мұңымды.  
Сығымдап жатса да саусақтар,  
Сен тұрдың шығармай үніңді.  
Ал, менің жанарым жаудырған,  
Жасқа да сен талай жуындың.  
Өзіңе, тек саған сенген шын,  
Тағдырын табыстап туындым.  
Бес бармақ беліңнен босатпай,  
жүрегім алдында жығылдың.  
Өзіңсіз ақ парақ пәс, жетім,  
Демедің сонда да "Суындым"  
Қуансам,  
Ашудан бұрқансам,  
Өзіңе ұрындым.

Жан-дүнием жарылып, күшке енсін,  
Селт етпес сен ғана туысым.  
Қалам боп қолыма түскенсің,  
Жазығың – жаратылысың.



\* \* \*

Жамау бұлттар жөңкіліп барады аспан,  
 Қайрақ төзім,  
 Қайғыңа қарамастан.  
 Жарығымда пейілдер ала көңіл,  
 Күнәсі һәм куәсі —  
 Дала дастан.  
 Жер асты үйде беймәлім...  
 Жылайды ма,  
 Жабығынан сығалап жалаңаш тән.

Кигені ала көйлек пенделі ойдың,  
 (Кінәлі емес көрген көз.)  
 Өрде қайғым.  
 Жағынғанды Ер атап,  
 Орден үшін,  
 Жаттың арын жарылқап жемге тойдың...  
 Соғыста өлген атамның  
 (Шара қайсы?)  
 Дулығасын көтеріп, төрге қойдым.

Қарайғанға құрбан боп жаным ғаріп,  
 Қарашығым жетеді таңына арып.  
 Қоя тұрып Құранын  
 Қазір жеңгем,  
 Базаршылап қайтады барын алып.  
 Ертең пісер жеті шелпек.  
 Ал, бүгінше,  
 Қабағына қоғамның бағыналық!..

Қалтамның қағайыншы құлпын қара,  
 Ұрттағанның уы ма, ұртыңда Аға?  
 Құтысында қалдырсаң татарыңды,  
 Айырбастап келейін бір киләға...

Табанын тірлік табы ыстағандар,  
 Табады тіршіліктен тысқары аңғар.  
 Тасынып.

Тоғанын толтырғандар  
тобында таусылмайтын құштар ән бар.  
Тірлігін ғибрат етер —  
Қайда әлгі,  
Атамыз жиі айтатын  
Күшті адамдар?

Кемеріне келіскен күйім құрбан,  
Тірлік тіні  
Тоқпақпен дүйімді ұрған.  
Айналады ақылға...  
Сізден жеткен,  
Біздер өткен өмірден кейінгі Ән...  
Әй, одан да кейін күмә-ә-ән!!!





\* \* \*

Көз тоқтатсам өзегіне өрттің бір,  
Қалтырауық сырттан айбат төгіп күш.  
Керегені керней кеткен көп күңкіл,  
Көре алмаған көкейінде өліп құс.

Қолымдағы тамағымды құл тепкен,  
Қауыз басын жара қалса ақ тары.  
Кеңшіліктің көгалына күл төккен,  
Құрулы тұр қарашықтың қақпаны.

Керегелі көргені ме, үйді үлік?  
Көгершінім есі кетіп есілге.  
Кірпігімді өшкен күлге күйдіріп,  
Күрсінгеннің мен де жүрмін көшінде.

Танды көрмей жүрегімнің көздері,  
Тамызықты тұтатады алмасып.  
Кетіпті ғой...  
(Қайдам, қалқам, өзгені)  
Төренің де түп-төркінін қан басып.

Жауқазынды жанарымнан қозғама,  
Жараның да жан қалтасы қанаған.  
Жоғалтып ем.  
Жолықтырдым аз ғана,  
Жылулықты көңірсіген қорадан.

Шымшық шіркін құрбан болған жаңқаға,  
Қарағайдың шалған шортан басын мың.  
Өп-өтірік білмеген боп монтана,  
Күлген көздің көмейіне жасырдым.

...Көз тоқтатып өзегіне өрттің бір,  
Қаққаным жоқ, қағынғырдың бөртесін.  
Керегені керней кеткен көп күңкіл,  
Бүркеп жатыр көкейімде көрпесін.

## НҮКТЕ

Бақ...  
Байлық...  
Пайымдай тұр,  
Құдайға жайыңды айтып.  
Бұл неткен сансыз сұрау —  
Нүктесі қойылмайтын.

Кетсе де кімге есеміз,  
Ішкі ойды үрлесеніз.  
Үтірі тоқтамайтын,  
Үмітпен күн кешеміз.

Көкжиек — таңның үні,  
Күнге ерді бал ғұмырым.  
Күндерім — күнделігім,  
Жылдарым — жаңғырығым.

Таратса түгесін дәл.  
Бітпеген күресім бар.  
Өмірдің өзін қайдам...  
Үнінде үлесім бар.

Бұл әлем — өсеріміз,  
Бүгінгі:  
Кешелі із.  
Кетумен "ана жаққа",  
Бітеді "есебіміз".

Нүкте — ой пайымдайды,  
(Емес ол уайым-қайғы):  
Өмірге қойылғанмен,  
Өлеңге қойылмайды.

\* \* \*

Түндігін түріп тірлігімнің бір мезет,  
Тоғайлы жаққа барайын.  
Күлкісіменен сездірген сырын Күн-дерек,  
Сағына енген сарайым.

Тоғайлы топтың терегі көрген теперіш,  
Ормандағысы — отыны.  
Шапқаны менен тапқанына мәз  
(Бекер іс...)  
Біздің үйдің батыры.

Жөңкіле жортып, жолымнан  
                        көшкен жарым ар,  
Жоралғысы — жуынды.  
Жуына беріп,  
Жасытпаймын деп таңымды әр,  
Шалдырдым үсік қолымды.

Оянған түнде ойымда жоқ-ты өкпе түк,  
Шеңберім қайда?  
Шыдас бер!  
Тиынмен тәнді алдамайтындар —  
Шепте едік,  
Шегініп барад Ұлы әскер?!.

Қаймана жұртым қайғысын  
                        айтса құрлықтың,  
Қайғысыз қатық ішкен ер —  
Қашпаған қашар уызын бермек  
                        бұл Мықтың —  
Көрсетіп тағы "күшті өнер".

Ақылымды жазым бола жаздаған,  
Бұрымыма бек түйдім.  
Бұрынғыша, базына айтып қоз, қалам,  
Жырын жазып текті үйдің.

Түндігін түріп тірлігімнің бір уақ,  
Төрелер жаққа барайын.  
Тірлігі тәрік...  
Тоңмойын терін түріп ап,  
Бір мезет күліп бағайын...  
Айнаға көзін көп салғанымен Апайым,  
Ақ қылау шалған самайын...

Міз бақпай қойды маңайым.



\* \* \*

Күн алып шырайын көктен,  
Тегенге еніп барады.  
Ана да баласын өпкен,  
Ертеңге сеніп қалады.

Достым-ау, тоқтамы берік,  
Шың еді шынар арманым.  
Ертеңге аттанып кетіп,  
Бүгіннен шыға алмадым.

Бүгіннің бақа тірлігі,  
Кешегі көліне көшкен.  
Мүсәпір, сақа тілдіні,  
Кісәпір кісендей тескен.

Шыныға шыдамын сатқан,  
Қожайын қала кезеді.  
Қаза етпес құранын баққан  
Жанның да жара өзегі.

Бақ дейді маңдайдан тайған,  
Біреудің пәлсапасы осы —  
(Қағида келіпті қайдан?)  
Көліксіз ойдың да көші.

...Диірменнің тарысы көшті,  
Ұн болып үгіліп ақыр.  
Желаяқ шабысы күшті,  
Шабанға жүгініп отыр.

Алып та (асылдан еді)  
Көзіне ілмейді әсте.  
Балықтың басында ма еді,  
Бұзылып барады көш те.

Іс бітті!  
Көмейі толық,  
Көрсоқыр,  
Көкірек мылқау.  
Шіріген шарада балық,  
Қармағы — қайырсыз сылтау.

Өмірдің өгізін сауып,  
Жүрегім есік қағады.  
Уақыттың еншісіне ауып,  
Асыл ой көшіп барады.



\* \* \*

Жоңышқалы жерімді,  
Торай жеген күн болды.  
Шопан ата, шенінді,  
Талай жеген күн болды.  
"Көрші бауыр...  
тегін дүр" —  
солай деген күн болды.  
"Сары ұл, аса, ебін біл!"  
...Естір құлақ жым болды.

Есі бардың етегін,  
Жиғызбаған күн болды.  
Алыс-беріс өтеуін,  
Қиғызбаған күн болды.  
Сыбырлассаң — Жетеуің,  
Жетпіс басқа мұң болды,  
Қызыл жаға бедерің,  
Жас жаттаған жыр болды.

Есігімнен Күн кірсе,  
Есірген ер сұм болды,  
Есегіне тіл бітсе,  
Ес қоғамға құл болды.  
Есіл тілім тірілсе,  
Елге дұшпан ұл болды.  
Аруаққа жүгінсе,  
Құраны ұшып,  
Құм болды.

Мәңгілікке жалғасқан,  
Қай дүлейдің тірлігі?  
Жаны құрып жақ ашқан,  
Сорақысы — Сұмдығы...  
Сіздің көйлек алмасқан —  
Біздің жақтың шындығы!

Әкеміздің сұрары —  
Тәртібі һәм ұраны.  
Кісінейді қорада,  
Қызылтабан құнаны...  
Мен отырмын қолымда,  
Бүгінгінің шырағы,  
Ойымда —  
Кешегінің сұрағы.





## ӨМІР

Арбасып қара ақпенен,  
Ашыған уыз татты өлең,  
Кірпігінен уақыттың,  
Көлдей көлкіп ақты әлем.

Күпірлік көңіл кімді ұқтың?  
Қылаңдау көптің қабағы.  
Дөңгелегімен тірліктің,  
Өмір өтіп барады.

Үстінде күллі ел қанаттың,  
Үкімін кіммен кеңескен.  
Үш тіліне сағаттың,  
Ұшқыр өмір ілескен.

Көйлегі кең.  
Ісі нық,  
Көкжиегі көгілдір.  
Бал мен уын ұсынып,  
Өрімдей қыз — Өмір жүр.

Періштенің бейкүнә  
Бесігінде Өмір тұр.  
Пенделер-ай!  
Жұлқыла!  
Есігінде Өмір тұл.

Пәрмені мықты төремнің,  
Палуан Өмір,  
Шайқа Аспан!  
Жанарында әлемнің,  
Алуан өмір айқасқан.

Тағдырдың татпай тұз-дәмін,  
Тұншыққан Өмір шейіт те.

Тоңазып неге мұздадың?  
Гүл шыққан өңір, биікте!

Ереуіл Бозға ер салып,  
Ергенім көшке көңілге еп.  
Ертеңге қарай көз талып,  
Күбірлей бердім "...Өмір..." деп.



## АҚЫН

Сыймаған сөзге жалғанға мынау,  
Жайылған дерт пе сөз дерті.  
Бақыт бола алмай армандамын-ау,  
Бақытты күлкі көз көркі.

Ар сөзі — азап,  
Өлең де жетім,  
Жүректің батпан мұңы көп.  
Сіндіріп қанға өлеңнің сертін,  
Жаратушының құлы боп...

Тамшыдан көктеп танылған әлем,  
Өлшеусіз ойдың келбеті.  
Сөз қасиеті бағың бар,  
Сенем,  
Өлмейді мүлде жер беті.

"Ессіз халықтың" есімі хатта,  
Құранның басы — сөз ғана.  
Ақылдың аян төзімі Хаққа,  
Ақынның үйі боз дала.



## КҮЗ ЖӘНЕ СІЗ

Іздемедім мен Сізді,  
Аңсағам жоқ,  
Күтпедім.  
Сезінген шақ жер күздің —  
Таңғы қырау, шық демін.

Ойым жалқы.  
Мен жалғыз.  
Таңнан күткем тамаша ән.  
Бағбандарға арман күз —  
Беретіні орасан.

Мен бақшашы емеспін,  
Күз — кезекті бір мезгіл.  
Қуанта алмай мені ешкім,  
Тарам ойым — түн кездім.

Күн де күрең.  
Ой шаршау  
Біз —  
Бақытты сағынған.  
Күз —  
Көктемді текке аңсау,  
Сіз —  
Жанымнан табылған.

Арада жоқ дәнеме,  
Еркелейін.  
Сіз ұғып,  
үндемеңіз.  
және де —  
Қарамаңыз үздігіп.

Көз алдымда күз. Дала.  
Көңіл болмай жиі мұз...  
Еркелерім Сіз ғана,  
Маңдайымнан сүйіңіз...

## ЖАЙ ҒАНА...

Ай баяу қолын сала бастаған шақ,  
күлімдеген күн иығына.  
Шуақты бейнеңіз араласқан шақ,  
Мөлдіреген тұңғиығыма.

Іңір самал іргемнен сипай өткен шақ,  
Ай тұнған көңілім елеңдеп.  
Жанарыңыз мөлдірімді үнсіз өпкен шақ,  
Жай ғана қиялым тереңдеп...

Бақыттың бағында базарым —  
Сезгенім,  
Иыққа иығым тіреліп...  
Отырмын.  
Көзіңнен көрініп көздерім,  
Орамды ойымнан гүл өріп.

Еш қимыл болмасын.  
Тоқтау салыңыз!  
Сүймеңіз.  
Назымды төгейін.  
Жай ғана үнсіз құшаққа алыңыз.  
Жай ғана еркелей берейін...



\* \* \*

Ізде тағы...  
Іргеңнен ізде мені...  
Жыл да өтеді  
Айналып күз келеді.  
Көркем сәттер көмкерген күнделіктің  
болармыз өшірілмес біз дерегі.

Мейрамымда келмексің гүл ұсынып,  
Көктем келді.  
Ал, менің қысым суық,  
Өткен шағым — өзімнің естелігім,  
Естелікті еске сал.  
Ұсын күліп.  
Қажеті жоқ... өзгені түсіндіріп...

Көктем келді.  
Күтпеймін қырдан сені,  
Оятпайды сыңғарлап сырғам сені.  
Ізіңе үңілмеймін.  
Алаңкөңіл —  
жоғалтып алғандай боп бір нәрсені.

Мен сені іздемеймін!



\* \* \*

Арайлы ататын таң кеше,  
Ал, бүгін күлмейді Күн неге?  
Мекенім — кең дала.  
Тар көше,  
Миымда күбірлеп бірдеңе...

Шешімін таппаған сан сұрақ,  
Келбеті көңілдің күлкімде.  
Мөп-мөлдір қиялым тамшылап,  
Нөсерге айналды бір түнде.

Түн. Қала.  
Арманым адасқан,  
Қиялдың емге жоқ керегі,  
Жұлдызын тамызған көк аспан,  
Көңілсіз.  
Сен жоқсың — себебі.

Сен жоқсың — жанымның жалауы,  
Өзіңді өзге бақ күтпесін.  
Сен ғана санамның самалы,  
Жүрекке жамалған нүктесің.



## ЖОЛАЙРЫҚ

Ай аймалап, түн тынып,  
Демін тартқан түнгі аспан.  
Жүрегіміз ынтығып,  
Үнсіз бір сыр тыңдасқан.

Ерініңде емеурін,  
Көңіліңде тәтті үміт.  
"Сендік болам" — деп едің,  
Әр сөзіңе серт тұнып.

Бір ысып,  
Біп суынды,  
Құшағымыз от тұнып.  
Тағдырымыз құбылды,  
Жолайрыққа кеп тұрып.

Сырғып кеткен сынаптай,  
Сырың қалды беймәлім.  
Сол айрықты ұнатпай,  
Сол бейнеңді қимадым.

Себеп болды кімге кім?  
Жұмбақ күйде бұл әлі.  
Сен бе?  
Мен бе? — білмедім,  
Жолайрық па кінәлі.





\* \* \*

Елеңдеп терезеден сыртқа үңіліп,  
Келер деп үміттендім...  
Жұртта күдік...  
Көкке қарап қолымды бұлғап едім,  
Кетіпсің аспаныма бұлт қалдырып.

Салып ем жерге назар — бұзылды ойым.  
Бір сырды жасырғандай ұзын қайың.  
Қарманып қала бердім жан-жағымды  
Ізің жоқ... қарап едім... ізім — ғайым...

Ай шіркін түр көрсетіп аяғандай,  
Күн жымыды күлкісі сая қандай?  
Үмітті үнім саған жетпеді ме,  
Өң бе, түс пе?  
Мен тұрмын ояна алмай...



Аспан анау — күні асқақ, үні дүр,  
Бұлттары да бұлқынады  
Сенсеңіз...  
Жүректердің найзағайын ұғындыр,  
Жалын жастың ханзадасы — ОН СЕГІЗ.

Қызыл-жасыл... қызығы жоқ төрімнің,  
Тербетсе де жер мен көктің арасы,  
Уыз дәмін ұмытпаған еріннің,  
Бал дәмінде бар өмірдің дауасы.

Жанарымда жалт еткенсің ғұмыр боп,  
Таң алдында таңдайыма қонды өлең.  
ОН СЕГІЗДІҢ гүл көктемі бүтін жоқ,  
Кеше ғана қызғалдақ ем мен деген...  
Жан жараңды емдеген.

Кеше ғана жапырақ боп көктедім,  
Бір-ақ уыс бақыт көріп көзіңнен.  
Өткінші сәт — өкпем сірә, жоқ менің,  
Махаббаттың шын бағасын сезінгем.

Көк жүзінен үндес тағдыр таптық та,  
Еһ, ОН СЕГІЗ!..  
Ток жүргендей денемде...  
Мен айналдым аңсары көп ақ бұлтқа,  
Сенің бейнең — бір жапырақ өлеңде...



\* \* \*

Ай патшайым жетелеп түнді көшіріп,  
Самалы күздің сағынышым боп есіліп.  
Қос қарашығым қараңғы түнге малынып,  
Күтеді сені келіп қалар деп...  
Кешігіп.

Мақпал шаштарым байлауға  
                                көнбей шешіліп.  
Алақаныңды аңсайды толқын... көсіліп,  
Жол іздеп кеткен жүрегім —  
                                түнгі қарауыл,  
Күтіп жүр сені келіп қалар деп кешігіп.

Сұрағам желден сен жайлы...  
Қалды тосылып,  
Сайқымазақ түн қайғымды қойды өсіріп.  
Беймаза бағым оралмасыңды кеш ұғып,  
Күтіпшің текке...  
Бос үміт...



\* \* \*

Беймезгіл уақ,  
Тереземді қақ келіп,  
Сағынысқан, сыбырласқан сәт делік.  
Мен болғанда қылығы наз, тәтті елік,  
Сен тұрарсың қиялыма шақ келіп.

Жау, аппақ қар, ақ жүзімді аймала,  
Алақанға қондырайын жай ғана...  
Жалғыз келіп. Сені күткен сұлудан,  
Жалғыз тұрып, сыр тыңдайтын Ай дара.

Елеңдеймін.  
Елесіңді әлі іздеп,  
Қызықтырмас қызыл-жасыл қауыз көп.  
Сағыныштың тамшысына жуынған,  
Қала көрме кірпігіме қарыз боп.

Бізді күтер мына бульвар.  
Бақ мекен,  
Тағдырымды таңдандырмас тақ бөтен.  
Сүйген жаңды әне-міне келер деп,  
Алдану да тәтті екен.



## ТЕҢЕСУ

Қиялыма сіз келесіз қиналсам,  
 Мен де айналғам сіздегі бір елеске.  
 Жер бетінде ойналмаған күйді аңсау —  
 Екеумізге тән сағыныш емес пе?

Сағынамыз.

Бірақ мінез кереғар,

Кешіреді...

Кешігеді кейде тым.

Сізде дауыл — бір долданып, жоғалар,

Меңде құйын және нөсер — бейнетім.

Кек те емес.

Назым ойға сиымды,

Есептестім: сіз тыңдаңыз күйімді.

Сіздің мекен күн шуақта тұрғанда,

Гүл шыраққа теңесу де бұйырды.

Мың Наланы көтеріп тұр жер бекем,

Пенделерге паңданбайтын кең мекен...

Сіз де мені жылатқансыз.

1:1 (бір де бір)

Мен де сізді өкпелеттім —

= : = (тең де тең)...

Теңестім. Енді мен кетем.



\* \* \*

Ертегім едің ерекше,  
Ертеңің едім — мен де ерек.  
Дертім де менің бөлекше,  
Дауаң да сенің тым бөлек.

Кірпігіме кеп түнеген,  
Күлкің де менен табылып...  
Тағдырымдағы мың өлең  
Тамырымдағы жаңғырық,

Сүйдік те солай  
сүйе алмай,  
сезімге қойдық тосқауыл.  
Қоштасып тұрып...  
Қия алмай...  
Ағыспен кеттік басқа бір.

Іздедің сен де...  
Іздедім...  
Жүректің ортақ жарасы.  
Табыстырмайды бізді енді,  
Студент жатақханасы.

Бақытқа тұнған ән-жырмен,  
Өткелден талай өтіп ек...  
Табыспай кеткен тағдырмен,  
Қауышпай кеткен жанармен  
Жұтылды сезім жетімек...



## ҚАТЕ

Мақтауына семіріп мұқым елдің,  
шикі,  
шала кеудені бүтін кердім.  
Пенделігім билеген пешенемді,  
үгіте алмай бірі де үкімдердің  
күл болды ойым.  
Қалайша бүгіндермін?

Құмға айналған жігерге сынай қарап,  
Тәкаппар қарашығым шыр айнала.  
миығыма түнеген мәнсіз мысқыл,  
Риясыз күлкімді лайлама!

Менмен ой, жеңіске ие боп қал тағы,  
Думандат!  
Көңіліңді ақтар кәні.  
Тұп-тұнық ой оралсын одағына,  
Серке болғым келмейді көкпардағы.

Күнә лық-лық көк зерен тола қалып,  
Кішік көңіл тұншықты,  
қадамы арып.  
Ар-ұятым кездесе не дер екем,  
дар ағашы алдында дараланып?

Өткенге өкінген боп "А, Құдайлап"  
пенделік пешенемді тағы лайлап,  
минусымды періштем жіпке тізсе,  
райынан қайтару жолын ойлап,  
Әбігермін...  
Сол әуре — ауыл — аймақ..

## КИІЗ ТІРЛІК

Илеуі қанып,  
тапталып,  
ыстыққа күйіп, піскен күн.  
Білектей басса, от қарып,  
өрнегі бірге түскен күн.

Арқанға ермек.  
Еркі жоқ,  
шыр айналып ортада  
Жаралғаны үшін — дерті көп,  
Бағы ма, әлде...  
Сор...  
Тоба!

Жылытып суық жалғанды,  
бауырын мұзға жастанған.  
Киіздегі мұң — арманды,  
кім ұғар екен?  
(Қасқа арман!..)

Уыңды да ішкем  
мұң жұтып,  
еркімді ессіз ақтарып.  
көмейге отты қылғытып,  
өңешім күйсе — шаттанып...

Киіз — тағдырым.  
Көнбіс үн.  
Жылуым саған — жалғанда.  
Сен — бір асқақ өр мүсін,  
Мен — текемет.  
(таң қалма!)



\* \* \*

Тағдыр пенде таба алмай сынауға түк  
келді маған.  
Ояндым жылап жатып...

Шашыраған шашыма қара бояу  
сәл кейістік танытты...  
(...Сана ояу)

Айқай салдым:  
"Бұл өмір — күрес дейді  
талдырмаш тағдырыммен тірес, мейлі!"

Жауап жоқ,  
Күлкісі мол кірпігімді,  
Паналай кеп, мысқылдай мұң тірілді.

"Өз бейнемді қайтаршы!  
Қайтар, ғалам!  
Үлгермедім.  
Талай ой айта алмағам."

Дауысымды түн жұтып  
күлді неге?  
Қол бұлғады соры мол мұң кемеде.

Іздеп келем өзімді.  
(сірә, қауіп...)  
Құлап,  
қайта тек алға тұра шауып,

(Күле бер!) Күресемін:  
батыл қарап,  
Қасірет жұтқан сайын қату қабақ.

Қайсарлығым қанат бол, жаныма ұдай,  
Құрдас — өмір, сынайсың тағы қалай?

## ЖАСЫН

*Фариза Оңғарсыноваға*

Көкірек тұнған кер толғау,  
Асылдан жетер асық боп.  
Ақынға қонар шер қонды-ау.  
Жалынсыз жырды жасық деп...

баға береді білгендер...  
...Сәулелі сөзді жиі аңсап,  
Мендегі өлең күрмеуде  
Ұяндау қыздай — ұялшақ...

Іргеме іңір түнесе,  
Күйбең-кемпірден жылыстап  
соғысар санам.  
Біресе,  
ой, өлең ойнап, қуыспақ...

Тәрк етіп түнді.  
От жетсе,  
Бес саусағыма жақ сүйеп.  
Ақ әлемдегі көк кесте —  
Мен тауып алған "ақсүйек..."

Сыбырлайды жел  
"қоғамда,  
мінезсіз өрнек тән қызға!"  
Жасынның үні — "жаманға  
сауырға қамшы салғызба!"

Өлеңге біткен өрлігі,  
Қаруы — қайрат.  
Биік Ар.  
Ұяндау ұя торғыны  
Жалынын өрттей сүйіп қал!

Даланың дархан бар гүлі,  
Үлгі алса.  
Сынбас Ар-айна  
Талдырмаш қыздар тағдыры,  
Тапталмас еді талайға.

Көкейлер сайрап алтын сөз,  
Тірілер сонда — Баба Тіл.  
Жан даусым құрбан.  
Соқыр көз,  
тас керең, мылқау сана тұр.

Жасауым — жырым.  
Көрінер,  
бақытым биік түсімде.  
Өзгеше әлем не білер?  
"Төркіннің" мұңы ішімде.

Аппақ шаш, арың, мерейің.  
Асқақтата алмай.  
Іркілдім.  
Жыр — алқа тағып көрейін.  
Сыбағасы еді бұл түннің...



## СЕНІМ

Тамырымды басып көріп тәуіп шал,  
"Тағдырыңда" — деді "аздап қауіп бар".

"қалам алма.  
Қағаз жазба!"  
Мырс еттім,  
"Сеніп" тұрып, сенімсіздік көрсеттім.

Қауіп қайдан?  
Көріне ме мол уайым?  
Көлеңкем бе?  
(Болжамыңа болайын!)

Тамыр бойлап,  
Сіңіп алған қаныма,  
Қандай үрей?  
(Дал болайын тағы да).

Бір мен үшін қобалжиды неге анам?  
Бауырым бар...  
...Көзінде үрей ...Ол алаң.

Қалам — досым.  
Қағаз — серік.  
Мұң — жаным,  
Тәтті мұңды қалай құрбан қыламын?

Маңыздысы — менің қағаз, қаламым,  
Ой — Құдайым,  
Өлең — тәуір амалым.

Қатал күннен  
қабағы іскен қамал жыр,  
У жұтсам да балдан тәтті.  
Санам — гүл.

Егін екпей,  
Ойды тастап көнекке —  
Шегірткеден сескенуім керек пе?

Өмірімнің еншісі бір өлеңмен,  
Тағдырыма сенем мен!



\*\*\*

Жыр көздеген жылдардың түні мерген,  
Күлкіміз бар көңілден күміс өрген.  
Ғұмырымды кестелеп тағдыр-ару,  
Сүрлеу салған  
Бірі көл,  
Бірі шөлден.

Арды аяймын — азапты арқалаған,  
Сөзді аяймын — талқыға тартар адам.  
Пері күні фәнидің — пенде мұңы,  
Бақилықта бола алмас қалқа маған.

Бос бұғауым — өлеңдей туысқа сын,  
Жабырқама, жалқы мұң жуысқасын.  
Тұғырым бар — жердемін аспанда емес,  
Ғұмырым бар — балынан бұрыш басым.



\* \* \*

Көңіліме күз жайып сап күдігін,  
Болып алдым тас қала.  
Көктеп едім —  
Көргенсіз боп бір інім,  
Ағам арсыз... Масқара!

Пенделігін пұлдап ессіз пері күн,  
Пешенемнен жерідім.  
(құрғамайтын құнарлы едім)  
Көлім — мұң,  
Кеберсіп түр ерінім.

Арды көмген асқақ ойдың аспаны,  
Кірлеп кетті.  
Сол ғана.  
Қара ағашы қамсыз.  
Арсыз жас талы,  
Ұлт ұяты — қол бала.

Кейуана дәуір, дауасын дерттің пайым ет,  
Жағамда кетпей бармағым.  
Күллі әлемді мөлдір шықпен шайып өт,  
Көк қанатты арманым!



## ҚАРСЫЗ ҚАҢТАРДА ТУҒАН ӨЛЕҢ

*Ертай Ашықбаевқа*

Ақын аға!

Иығыңда жүк ауыр,  
Белгісіздеу мінезің бар сірә бір.  
Еленбесе, танытпаған ессіздік,  
Себебі сол — адамдықта тұрағың.  
Аспансыған кеуделерге тән емес,  
Бірақ жиі шашылмайды шуағың.  
Мешін жылғы ит көйлектің иесі,  
Бабатайдың бастауы кең бұлағы.  
Мақталмаған, датталмаған жас талдар,  
Сізден шексіз шуақ күтіп жүр әлі.

Қоян жылы.

Қарсыз қаңтар қонғасын,  
Ақтөбе енжар.  
(Айта алмадым қарға сын)  
Ашықбаев Ертай ақын атанған,  
Көрсек дейміз Алматының ордасын.  
Дәу Алматы жұмақ төрдей көрінер,  
Ақындардың астанасы болғасын...

Сіздің ғұмыр — бәрі тарих, бәрі аңыз,  
Менің күнім — бедерім боп қалар із.  
Кесте жіпті келістіріп көрейін,  
Көз салыңыз, Аға, сіз!





## АҚТӨБЕМЕН СЫРЛАСУ

Кірпігіме көркемдік қона қалып,  
Сүйсінгендей сыр бердім.  
Тоңдым, қала!  
Жылытшы орап алып,  
Мұзға айналып үлгердім.

Мұзға айналдым.  
Жылуыңа шөліккеп,  
Қатал неге қабағың?  
...Мен секілді жылатты ма сені кеп,  
Тұрғындары қаланың?

Сен де мендей, мұңды ма едің, Ақтөбе?  
Мейірімге шөлдеген.  
Тікенекке толып кетті бақ көне  
Жаза алмадым.  
Емдеп ем.

Құрғатамын көз жасыңды.  
Күн болып,  
Жұмақ төрсің мен үшін.  
Көкейімнен төгіле бер, жыр болып,  
Жетістігің — жеңісім.

Мен де сендей жалқы мұңның туысы,  
Тағдырымыз бір арнаға құйып сыр.  
Сенің әрбір тарауыңның тынысы,  
Менің титтей жүрегіме сиып тұр.



## АУЫЛДЫ САҒЫНУ

Жүрегімнің ішіндегі бір есік,  
Сағыныштан алған екен үлесін.  
Қырдағы елдің Борсық құмын жайлаған,  
Құмның қара қарлығашы ем, білесің.

Шалқар жұрты шабыттансам, шат болып,  
Атым озса, бастарына бақ қонып.  
Шығар еді, алақайлап алдымнан,  
Көрі-жасы жатырқамай жат көріп.

Елге барсам дауа болар таң нәрі,  
Әжелерім бал татыған бармағы —  
барын тосар.  
“Бәкең қызы келді” деп,  
Құрақ ұшар Аққайтымның шалдары.

Тынысымды кең ашар ем, тосылмай,  
Жусан, изен, иіп қана басын жай.  
Алғаш мені сүйсіндірген бозбала,  
Сәл жымияр  
Сағынышын жасырмай.

Ауыл кеші саф ауаңнан айналдым,  
Жүрген ізім табылғандай сайдан мың.  
Құмнан “қорған”,  
Балшықтан “үй” жасаған,  
Кекілді ұлмен бірге ақсүйек ойнармын.

Жөргек жырмен сусындасам мына мен,  
Мейірім қанып, тыңдап бәрін тынар ем.  
Сары құмын сағынғаннан, табаным,  
Күнге күйіп өртенсе де шыдар ем.

Үрсін иттер  
Сұрамаймын бір тыным,  
Сиыр күйсеп, жусағаны-ай жылқының.  
Түнгі аспанды тамашалап жатар ем,  
Ұйқы қысып, айқаспастан кірпігім.

## ДӘРМЕНСІЗДІК

*Аранын ашқан адамнан қашқам,  
Амал жоқ сосын  
Терек боп кеткем*

*(Серік Тomanов)*

Тоқымы тарлау тірліктің оқып дастанын,  
Торыны — қылаң,  
Төбені тапалдау еткен.  
Торыған пиғыл —  
Танымы — қара бас қамы,  
Таң болмаңыз!  
Май қымқырсақ қорекке еттен  
Бақыттылаусың —  
Жаның терек боп кеткен...

Әжелер бүгін әңгіме құрады кешке,  
Атаға уайым — бір қойдың құны кеткенде.  
Қаланың үйі биіктеп барады әсте,  
Ақылмандарым аласа —  
Қандай бетперде?!

Жылауық жалын қазанның қарасын жалап,  
Ағатайымда қызу күй.  
Жетісті неге?  
Жеңешем оның жыртылған жағасын жамап,  
Қазанға қарар...  
(Қарынның қамы:)  
"ет пісті ме екен?"

Ал, "Жібектердің" жай-күйі бір адай мұң,  
"Төлегендер" де тоңмойын...  
Табысы — ойда.  
"Бай болам өсsem, қызына  
                                үйленем байдың," —  
Дейді інім неге?  
Іркілмес шабысы қайда?



## ЫМЫРТ

Кергісін кімге кергізер Кемік,  
Үлесін іздеп ірі Мүк.  
Тегенге тегін барады еніп,  
Кірпігі күннің ілініп.

"Түкіре" салған  
"Мықты" ғой ағам,  
Күндіз көрінген қарт сынға.  
Қауқары жоқта  
Қарттығы бардан  
Қалтырап қақпа жатсын ба?

Күйбеңнің шертіп күңкілін күнге,  
Әжімді жаулық кіртиген.  
Тағдыр ма?  
тартқан бір тінін түрме,  
Дәмелі ұры ұрты үйден.

Қызымық қызыл барады батып,  
Шыжымық ойдан шек созған.  
Көршінің кейде қабағы қату,  
Өкпелі жұртқа төске озған.

Бабына батпай,  
Бағына көнген,  
Бөртпе ойы қара баланың.  
...Күйдірдім күлдің табына сөнген,  
күйелеш мынау табаным.

Жарымас ойдың жарымы кімге,  
Қалжасын құнттап асады.  
Күркесіз.  
Қайтсін!  
Күнәсіз Күн де  
Жанарын ала қашады.

\*\*\*

Көкжиекке күнмен батып өшкен үн,  
Аймен шығып, түн шығына жуынған.  
Көрдiңдер ме есалаңды, естi елiм,  
Өз-өзiнен қашып жүрiп,  
Тығылған.

Бiр беймәлiм сағыныштан дерт жамап,  
Сабырын да көңге көмген тепкiлеп.  
Көрдiңдер ме?  
Жүрек тiлi от жалап,  
Жүрген жаңды  
Шаттығынан шеткерек.

Бұл — мен өзiм.  
Күлкiсi жоқ келбетiм,  
Кел, ақ, өлiм,  
Ақ найзаңды сұқ маған —  
Мен осылай аспан асты, жер бетiн,  
Зарығу мен мұң-наладан құтқарам.



\* \* \*

Сәулелі ойдан санам жарылған,  
Күлімдеп кірді таң қымбат.  
Ойымның әсем орамдарынан,  
Ақ моншақ тіздім алтындап.

Жарық та мынау жарым ес дерсің,  
Себебі, оны түн жаққан.  
Жасанды сәуле.  
(Қане, не істерсің?)  
Құтсыз-ау әлгі моншақтан.

Бұғауды жазып ажарлы тілмен,  
Арманым асқақ қалды аман.  
Жанды арашалап, жасанды күннен,  
Жарықсыз тұрып, таңды алам.



## ӨЛІМ ЖОҚ!

Асылдардың астауы бұйырмаған,  
Жасындардың жас талы бап көрмеген.  
Ит өлімнен  
Ит тірлік қиын маған,  
Бәсіресін жия алмай, бақ терлеген.

Қиялына қанатсыз ой қонақтап,  
Қиянына Қайыр құс құм тасыған.  
Құлагер мерт.  
Ақанды қайғы қақтап,  
Баз кештірген Батыраш балтасынан.

Тірлікте Тәңір болған талайсыз бақ,  
Төскейде төл тергенге тиыны құт.  
Тағдырдың тартқан сыйы —  
Талай сыздап,  
Тамырдай тарам тұқым күйігі көп.

Арыс аз.  
Жарысы көп.  
Жарымы мол,  
Жарма өмір жарым қант татырмаған.  
Жаз өтсе жазды аңсаған жары ғұмыр,  
Жұртыңа жеткізер ме хатыңды аман.

Асылы, азулы арлан кімге ұнаған?  
Аусыл боп.  
Аңқа кеуіп аттанған көп,  
Алланың Ақ Үйіне бірге барам,  
Айтылам тірілерге жаттанды ән боп.

Өлеңнен үкіметтің өкімі зор,  
Өрге де өгей өріс — күдігі шын.  
Өр ақын жыр жазады.  
Үтірі мол,  
Өлген соң өлең тірі жүру үшін.



Өмірдің келтелігі — күндігінде,  
Өзеннің өңін байқа!

Боз.

Ақ,

Қара.

Ақындарын өлтіріп тірлігінде,  
Өлілерін тірілтер қазақ қана.

Біз өлмейміз!



## ЖАС

Оймақтай ой өлген өлке,  
Өлексесін езгілер.  
Өкіміңді көрге бір теп,  
өкірмей-ақ көз ілер.

Қыздың жасы жанарында,  
Тегершіктен төге алмас.  
Ақын жасы қаламында,  
Қамалыңа көне алмас.

Ана жасы ақ шашында,  
Жаулығына жамалған.  
Бардың жасы ақшасында,  
Тәубе тегі тоналған.

Әке жасы ішкі әлемде,  
Сыртқы әлемге тұтамдай.  
Тірлік жасы қысқан ел де,  
Қылқан-мұңын жұта алмай.

Заттың жасы иесінде,  
Тиесілі күн бітсе...  
Аққу жасы киесінде,  
Заһар-запыран өрбітсе.

Табиғаттың жасы мөлдір,  
Шықпен жиі шыланар.  
Ал, қарғыстың...  
Басып өлтір.  
Бағытын бар,  
бұра қал!

Сезім жасы төзе білген,  
Сағынышын күнде өбіп.  
Менің жасым өзегімде —  
Өлексесін жүр көміп...

\* \* \*

Көзімнің ішіне күмп беріп,  
Көңілсіз күнделік көмілді.  
Кірпікке қалды да кілттеніп,  
Күлкілер төгілді.

Төгілші күлкілер күмістен,  
Мұңымды көрсетпей күніме.  
Күрсініс шығарсын күміс дем,  
Күлкіммен біріге.

Сылап етті бір ерін.  
"Алжасқан!  
Жетісті несіне жетпегір!"  
Шаттықтан бір тамшы қалмастан,  
Шарпылдым өртке бір.

Шарқ, ұрдым.  
Шоқ болып гүл алап.  
Күлкімді көре алмай ыза Күн.  
Күтейін қасқайып тұра қап  
Тағдырдың тұзағын.

Сүреңсіз сұр ғұмыр сүргенім.  
Жүрегім бұл күннің құлпы боп.  
Мұңы көп қоғамда білгенім —  
Ақынға күлкі жоқ.



## КҮНӨ

Жылайды әлем.  
Көлеңкеге көші ауып,  
Көкірегімнің запыранын жұтып күн.  
Көзде Күлкі.  
Көңілде Мұң.  
Қос Алып,  
Өмір, сенің қай бәйгеңді ұтыппын?

Ұтқаным — сор.  
Сорғалап жас тастан да,  
Жүтенсізің (Қарғыс атқан!) еті өлі.  
Ойлап па едім ас құяр деп астауға,  
Қара көздің келте кескен етегі.

Күлегеш түн.  
Күйелешпін —  
Расы  
Бұрымымның тапталғаны — келбетім.  
Ар өлтірген қып-қызыл күн,  
шыдашы,  
мен де өртеңдім.  
Өзіңменен тең дертім.

Құтқарыңдар!  
Жан азабы — Түн. Үрей.  
Періштесіз Пері әлемнің үкімі —  
Ұятымды көміп жатыр тірілей,  
Қалтадағы көк қағаздың сытыры.

Өледі рух ұяттан!

## ӨМІР – ТЕАТР

Қалталыны Құдай санап,  
 Бас иіп,  
 Тасқа соғып бағы таяз маңдайды.  
 Тыңдасын деп —  
 Бай жарылқап,  
 Дос ұйып,  
 Ақтарамыз арсыз ойды Ар жайлы.

Жерде тіл бар.  
 Әр ізіңде от қалар,  
 Болмысыңның таразысы сияқты.  
 Өмір деген — театр.  
 Ол Ақ-Қара,  
 Өлім деген — ережесі ұяттың.

Күннен де ұят!  
 Көлеңкемнің бәрі сын,  
 Шолақ етек. Шолтаң қыздан қалжырап.  
 Қан көкірек оята алмай намысын,  
 Бір бұрышта ар жылап тұр.  
 Ар жылап.

Ар сатылды көк қағазға  
 Обалды-ай!  
 Беттің қаны бес төгілді. (Сор — құлқын!)  
 Қылықтыма қара күйе жаға алмай,  
 Жанұшырам.  
 Түсім шығар ол мүмкін.

Өлмес Намыс.  
 Өшпес Арды көріп пе ең?..  
 Қоғам ұлты қолдан бұзған түр-түсін.  
 Мұңсыз, зарсыз  
 Театрдан  
 неліктен,  
 төгілмейді тек шаттықтың күлкісі?

## СӨНБЕС ШОЛПАН

Құдайсыз құл, тәубесі жоқ төреге,  
Тағдыр — ойыншық,  
Тарих қана күйі алаң.  
Сілкініп ап сөйлеп тұрған сөреде,  
Парқы биік парақтардан ұялам.

Айт, парақтар! Өткен күннен із қайда?  
Замананың запыраны зар мұңдар.  
Боз далада боз інген боп боздай ма,  
Тауқыметтің зәрін татқан тағдырлар...

...Бір жапырақ ғұмырды алса жалмап мұң,  
Бір жапырақ өлең тербеп даланы.  
Өр тұлғаға жыр ескерткіш орнаттым,  
Құлағың сал, алтын аймақ самалы!

\* \* \*

Мамыражай маусым еді. Көл маңы  
Абыр-сабыр...  
Ән естілді алғашқы,  
Сасықкөлдің салтанатты думаны,  
Бір сәбидің үніменен жалғасты.

Дархан дала. Құтты өңірге бақ дарып,  
Ұлы жұртқа қосылды кеп ұлы ағыс.  
Сарыарқаның шоқылары шаттанып,  
Жаңғызтаудан жаңғырыққан қуаныш.

Өңменінен талай өкпек өткізген,  
Ормандардан қауыз ашты ақ гүлің,  
Сылдыр-сылдыр ағысымен жеткізген,  
Есіл менен Шағалалы шаттығын.

"Сүйіншілеп" салған құрай, тобылғы ән,  
 Көркем сәтке куә болған көз неше?  
 Қоғалы көл мөлдірімен шомылған,  
 Шарананың шырылы да өзгеше.

Бекем тұлға Бекен болыс — мәрт бейне,  
 Бақытты әке. Бармақтайын бақ — ғұмыр.  
 Тал бесіктің иесімен тәтті үн де,  
 Жөргегінен шашыраған тәтті нұр.

Тұтқан дәйім дос өнеге, жат үлгі,  
 шаңыраққа құт дарыған таңменен.  
 "Ер Мағжаным шығарар" деп, "атымды",  
 Жұмабай қарт жаңылмаған тәубеден.

Ұлағатты ұмытпаған ұл Мағжан,  
 Алла берген...  
 Алла сүйген құл Мағжан.  
 Иманы нық, Ислам жолын игеріп,  
 Алтын жады жадит жолмен шыңдалған.

Жаратқаннан жыр боп алған үлесі,  
 Қаламынан шашыраған от демі.  
 Қара өлеңнің қасиетті киесі,  
 Жұдырықтай жүрегінде көктеді.

Көктеді жыр күндей көркем, ай мүсін,  
 Нәзік қана наз ұқтырып ақыннан.  
 Қайсар қалам қақыратып қайғысын,  
 өткір өлең — өмір күйі тартылған...

Көлеңке жау.  
 Ұлттан кетіп ынтымақ,  
 Іргеден жел. Ірігенде іштен ел,  
 "Сорлы қазақ", "Қазағым" деп шырқырап,  
 қасіреттің қақпанына түскен Ер.

Қалам — қайрат!

Өлең — кие!

Сөз — жасын!

Ұлт тағдыры — тақырыбы ғұмырлық,  
Қарт тарихым, шемен дертің қозғалсын,  
Дауа болар саналы сөз — мұрындық.

Бес еліден қақпақ қойды:

"Үн шықпай,

Қайғынды да, деміңді ішке тартып іш!"

Бұйрық солай!

Айнала бер ұршықтай,

Саясатқа соқыр, мылқау жан туыс.

Соқыр емес — көкірегі сом алтын,

Мылқау емес — тілі қанжар, демі от!

Саясатқа содан "дұшпан" болатын,

Саналыға бағынбайтын бөрі көп.

Қол байлауда.

Бас айдауда.

Ой жетім,

итжеккенге итшілеген тағдырлар...

қап-қара бұлт торлағанда ай бетін,

мәңгі өшпес Шолпан болып жандыңдар!

Қара мылтық, Қара ниет. Қанды қол,

Тірлігіңе нүкте қойған оқ — темір.

Сырлы әлемге салған ақын мәңгі жол,

Тар ғұмыры тұсалумен өткен ұл.

Көз жасынан көл құраған дала, бел,

Молаңды іздеп ұрпақтарың шарлады.

Ақын ұлын жасырғанмен қара жер,

Ақын үнін тұншықтыра алмады.



Ақ жауын жыр — мөлдір сезім тұрағы,  
Келер күнге кең жайылған құлашы.  
Мағжан — ҰЛЫ! —  
Қалың қазақ ұраны,  
Мағжан үні — күллі Түркі мұрасы.



## МАҒЖАННЫҢ МОНОЛОГЫ

"Көсегемді көгертіп кел, көктем жыр,  
Санамдағы сазы өшпей өткеннің.  
Өр өлкеге тамыр жайып өскен гүл,  
Қауызында көктедім.

Есалаңда кеткен есем кешегі,  
Бүгінімнің шаттығымен оралған.  
Өз мекенім — өз бейнемнің төсегі,  
Өз бақытым — жылтырайды жанардан.

Ей, келер күн! Маңдайдағы сызықтан,  
Тағдырының таңбасын біл ұлтымның.  
Жер-Ананың қыртысы көп біз ұққан,  
Ғазал жыры емдей алмас мың күннің.

Көкке жайған қос қолымның бағы бар,  
Бұлтқа бейнем.  
Жетті және айға атым.  
Төркінім де исі ТҮРКІ — танып ал,  
Қанымдағы КӨК БӨРІНІҢ қайратын! ...

Арыстарың келді жырды жандырып,  
Алты Алашым, бұл тарихи той деп біл!  
Ұл ұлтымен бір жасайды — мәңгілік!!!" —

ҰЛЫ МАҒЖАН бүгін солай сөйлеп тұр.

ҰЛЫ МАҒЖАН сөйлеп тұр!



## МАХАМБЕТТІҢ МОНОЛОГЫ

Айналайын құм Нарын!  
 Өзің өңдес нар тұлғалы ұлың ем.  
 Намысқа қылыш қайрадым.  
     Қайратсыз құлдың құны кем.  
 Пұт болып табындырса да  
     патшалық пәрмен бір тиын.  
 Башпайын жалап,  
     бас ұрғандардан түңілгем.

Айналам аяр — аянып қалар айлам жоқ,  
 Тақымыңда болғай  
     тақырым тұтас. Жайлау көк.  
 Исатайымның қаһарын  
     қара топырақ қалғытты,  
 Қайнауы бәсең.  
     Жылымшы сүтте қаймақ жоқ.

Қабырғаңнан да құлап қан.  
 Сары шайтанның шынжыры  
     ұрпағыңды жылатқан.  
 Қасиетіңді қайтейін?!  
 Бабамның бөркі өртеліп,  
 Шашылған сүйек...  
 Тапталған тәні...  
 Құлап там.  
 Тас жігеріңді уатқан.

Сыры беймәлім көп сұрақтарды қақсатып,  
 Жаратылғаннан "Құдай" жасап...  
     Санамызды ақсатып.  
 Заманың сақау. Тас керең тулақ, Зор шайтан  
 Боталы інгенге боқ сатып...  
 Күн өтті солай...

Жетпіс жыл бойы күрмелген тұсау шешілді,  
 Тәубе де! Тәубе!  
 Мерейіңді асқақ ұл-қызың бүтін өсірді.

Бадана көзді боз аспан  
болғайсың куә тарихқа,  
Ауыздығын шайнай жеткен  
азулы жырлар көсілді.

Аузыңда Алла!  
Қызың көрікті.  
Ұлың бөрікті.  
Ел бүтін,  
Иықтан басым ұшпапты бекер  
зар ойын жұтып кемді күн.  
Қара жерімің бір пұшпағына оралды тәнім.  
Арман не?  
Сол үшін бақыт тапқандаймын мен бүтін.

Азат та, азат, азат күн,  
Азаттығыңды айқайлап айт та.  
Отына таста тозақтың.  
Қасиетің мені тік тұрғызды  
құламаймын құрдымға  
Мен, Махамбет, қаны қайсар қазақпын!



## АЙБЫН

Тағдырым жырық шөлмек сынағанға, —  
Күлге айналмас бөлекше бітім берген.  
Жусаным "Азаттық" деп жылағанда,  
Қан ішіп тікенегім тітіркенген.

Бұлт кебін көк жүзіне қона жатып,  
Күн күлкісін көрген көз кінәлі еді.  
Сұңқарым сынық қанат соры қатып,  
Іңкәрім — ертеңімнің шуағы еді.

Қызыл күн, құрбан еттің құранымды,  
Бұзылды. Ұлықтаудан ұраныңды.  
Сыбырлап сұрауым да сірә, мұңды,  
Бабамның басына сор — сұрағымды.

Анамның көз жасында — күміс тілек,  
Күн күлкімді тірілтіп Көк тәңірім.  
Тарихқа бабам келді құрыш білек,  
Данамды айттым.  
Айқайлап жатқа жырын...

Алақайым — асығым алшы түскен,  
Балақайың — дұға арнап бабасына.  
Жеріме бақыт болып тамшы түскен,  
Айналды азат елдің даласына.

"Жеті жарғы" — желісі заңнаманың,  
Ескі жолы Есімнің — ескегімдей.  
Қасқа жол — Қасым ханның таңдағаны,  
Өткенім өкінбесін көшке ілінбей.

Ата Заң — жалғасы едің жақсы ұғымның,  
Келбетім — келісіндей кемерімнің.

Жарқын ел.  
Дархан дала.  
Басты ұғымың —  
өкінбей өрістеуі өренімнің.

Оятқан бейбіт елдің таңын Азан,  
Салтанатпен шуағын жайса күнім.  
Атамның қаныменен жазылған заң,  
Қазақтың қалықтатсын қайсар үнін!



## АБАЙҒА ЖҮГІНУ

Санамдағы ауыр салмағы сөздің суалып,  
 Арзандап кетсе — ажалым.  
 Миында титтей маңызы барға қуанып —  
 Тарқауы кетпес базарым.

Өскінге өкпек өш болса,  
 Тамшы — дәрумен,  
 Дәрменім болса, құйылам.  
 Санамда соғыс.  
 Санаспа енді — қарулы ем!  
 О, Муза, саған сиынам!

Күлкімнен емес! Көлеңкем маған мың үрей!  
 Даңғаза басты дал қылып...  
 Өзімнен қашып келеді екенмін —  
 Тірілей...  
 Көмілген көңілім қаңғырып.

Күймесі Сөздің керуен бастап. Көш жарып,  
 Көріне қалса — көркеммін.  
 Көлеңкем мылқау.  
 Арзандап арым босқа арып,  
 Шөкімдей шоққа өртендім.

Шығыстан шыққан шырайлы емес Күн неге?  
 Батысқа қарай телміріп...  
 Топырақ — туыс, сұрайды бізден бірдеңе,  
 Артасың кімге енді үміт?

Жусан боп көктеп,  
                     қайтадан жайсам бал тамыр:  
 Замана — мыстан күледі.  
 Нәңкүр мен Мәңкүр  
                     ойрандап жүрген орта бұл  
 Түртеді келіп түлені.

Қазақы үнмен атады қашан таң ғажап?  
Үмітті үрей өртеген.  
Жаралу керек. Нәр алу керек бар қазақ,  
Ұлы Абай туған өлкеден...

Киелі Сөзім, ұяттан өлді.  
Шүлдір күн,  
Тітіркенбейді тіліміз.  
Ұлы Абай, міне, білігі асқан бұл күннің  
Бағасы осы — біліңіз!





\* \* \*

Әлемнің жанарын қаратты...  
Таң атып келеді!  
Таң атты!  
Күлкісі күмістен көркем күн  
Шырайлы шуағын таратты.

Таң самал тамаша!  
Ертесін!  
Лақтырды түнектің көрпесін.  
Аспанның патшасы сәнімен  
Ұзатты Ай ару еркесін.

Толғағы толысқан өлеңдей,  
Таң атып келеді бөгелмей.  
Қауызын ашады қызғалдақ,  
Күн жақтан күткені келердей.

Әлемге таң керек.  
Себебі,  
Ол жерге Аспанның сәлемі.  
Ғашықпын.  
Кіршіксіз арайлы  
Ақ таңға ұқсағым келеді.



## ҮН ҚАТУ

Түтінінен құт дарыған бір ошақ,  
Табан тиген жерде кие бар — ау, шын.  
Қызыларайдың қыстауында туа сап,  
Қара өлеңге ат байлаған жолаушым.

Ет кеуденді екшетіп ап бар мұңға,  
Ардың жүгін артып алып арқаға.  
Семейге сыр,  
Оралға ой салдың ба?  
Оралмасың білгеннен соң ортаға...

Есем кетті ессіз сөзде талайғы,  
Есіргендер сөзін пұлдап алтынға.  
Мен де іздедім мұңы қалың Абайды,  
Шамданатын шарам міне —  
Ал, тыңда!..

Арақ...  
Наша...  
Азабы да мол Күздің,  
“Бейсекеңнің бес ұлының” пайдасы.  
Ашынғаным:  
Ай, “Дарига, сол қыздың”  
Тағдырының түнгі клуб айнасы...

Жалт-жұлт еткен дүниенің көзіне,  
Ар дөненім сіңіп кетіп барады.  
Өз жайында өзі айта алмай өзіне  
Көздегені — ұятсыздар аралы...

...Ұлт қарсы алсын —

РАХЫМЖАННЫҢ ҚАСЫМЫН —  
Бір көрінші  
адалдықтан туыңды ап...  
келер ұрпақ білсін бақыт ғасырын  
ауызына түкіріңіз ырымдап!

## МІНЕЗДІ ДАЛА

Ел едім есі дұрыс...

Бірзығы көп...

Тәубесіздер таптады күрзімен кеп.

Сүйегінен қазақтың қала салған —

Қайғымды жаза алмаспын мың жыл емдеп.

Түрі момын.

Тілі ұзын көлеңкенің —

Ұлт іріді...

Киді де өлең кебін.

Дін дірілдеп...

Дің босап...

Тамыр қурап...

Ит өлген жер — итінген терең көрім.

Қойдан жуас қазаққа не тіледің?

(Келер күн, өксітпеші!

Өтінемін!)

Бір оқтық — әр батырдың жүрегінде

Армандар айтылмастан шетінедің.

Алтау ала...

Сатқын — сөз...

Ақылдан без!

Азансыз-ақ атандым: Жалқау. Құл. Ез.

Топыраққа туыс ем — тұншықпадым,

Тұлпар тұяқ оятты тарпаң мінез.

Арғымақ жыр шайнай жетіп ауыздығын,

Бабалардың қанына қарыз мұңым.

Қара жер де жылады — қан сімірген,

Тіл тіріліп,

Гүл шашқанда қауыз жырым.

Тайбурыл тұяғымен шапқан қандай?!)

Арманым асқақ міне!

Ақ таңдардай!  
Күллі аспанның анасы мейірленіп,  
Күллі жердің жәудір көзі шаттанғандай!

Татқан талай балаң уайым.  
Анам қайғы —  
Дала абыз жыр толғап бабам жайлы.  
Өлеңнің құдығына өр бейнеммен,  
Кеп тұрмын!  
Ешкім құрық, сала алмайды.

Жер-Ана жатыр әлі нелер қымтап?  
...Кептер көңіл көгімде кемел шырқап —  
Бабам қанмен суарған  
Жерде жүріп  
тұяқтан сүрінбейік келер ұрпақ!



## КҮТУ

Түндегі ұйқымды ұрлатып,  
Титімдей жүректі жырлатып.

Толқыныс...  
Сағыныш сағымға,  
Тәнімді,  
Жанымды тырнатып.

Кірпікке ілінсе мұң.  
Моншақ,  
Жасанды күлкімен құрғатып...

Санамда сайран сап суық мұң,  
Арайлы күнімнен түн татып...

Жаз болып, жайраңдап бір күліп,  
Қыс болып,  
Қаһардан бір қатып...

Осылай күндерден,  
Түндерден...  
Әйтеуір күтемін бір Бақыт.



## ЖАҢБЫР МҰҢ

Оу, неткен жылы жаңбыр...  
Жылы жаным!  
Жылуға жылынамын.  
Жуынамын.  
Танбаған мөлдірінен тамшы ғұмыр,  
Тәніме тиген сайын құнығамын.

Күлкімнің күмісінен өрілетін,  
Төрімнің төресіндей көрінетін.  
Көзіңнен көзім таймас  
Көңілім егіз  
Шамам жоқ шегінетін.

Жел баяу  
Байқаймысың айбары жоқ,  
Сағынысқан сезімдердің сайраны — құт.  
Жарқыным, жараспас па жазық дала,  
оу, неткен жылы жаңбыр!  
Жайдары жұп.

Алақан алақанға ашып сырын,  
Көркейер көктеміңе асық гүлім.  
Көктен жеткен тоя алмай мөлдіріне,  
Жер-Ана сездіреді ғашықтығын.

Ұмытпас жер нәсерге табынуын,  
Ұмытпас тамшы жерге бағынуын.  
Жылы жаңбыр, жанымды жұбатпашы,  
Сағындым,  
Сен қайдасың, сары мұңым?

## СЫР

Аға!

Бір алапат от кештім —  
Жүрегім жалап жалынын.  
Келмейді жаумен кектескім,  
Досымды сыртқа теппеспін,  
Көкейімдегі кәрі ұғым —  
таяз тағдырдың бәрінің  
шерімен тағы шектестім  
неге?

Аға!

Тәтті ғұмырда ащы мұң  
Үйіріледі тіліме.  
Қарашаға жоқ қастығым,  
Тіріле беріп... түңіле...  
Шаттық пен мұңның біріне  
Тоқтай алмадым...  
Нақ шыным... Неге?

Аға!

Бәріне сенгем биік деп  
Кіршіксіз таза жүрекпен  
Көңілім ашық, гүл өкпем,  
Сенімім алдап күйік боп,  
Тұз сеуіп кетті үйіп кеп  
Жаралы жаным...  
Дір еткен...  
Неге?

Аға!

Сұраңыз мендік жайды Сіз  
Сырымды ашам тағы да  
Сағына берем... Сағына...  
Ғұмырды мұңсыз, қайғысыз,  
Кешеміз қашан жайлы күз?  
Келмейсіз бірақ жаныма  
Неге?

Аға!  
Түн баласымен ой іштім...  
Таң ата шырқап батыл ән,  
Күн келіп күлкі татырған.  
Қабағымдағы қайыс мұң,  
Қабағыңдағы қайыс мұң,  
Сейілтп өтер қай ұшқын?  
Алыстан айқын үн жетті,  
Сабырға мені шақырған,  
Сыр сұрап ақын-ақыннан,  
Жыр сұрап ақын-ақыннан,  
Қуантқан қарындасым деп,  
Айналдым, аға, атыңнан!





## ҚАЗАҚ – БІЗ!

Беу, ҚАЗАҚ!  
 Биігін құлатпай,  
 Үйірін жылатпай  
 Сауытты Сақ бабам  
 Қауымды сақтаған  
 Нар иық батырлар  
 Ақиық ақындар  
 Ел үшін жан берген  
 Жер үшін қан көрген  
 Жүрегімен оқ қағып,  
 Білегімен топ жарып,  
 Дұшпанын бастырмаған,  
 Досына қас қылмаған  
 ҚАЗАҚПЫЗ!

Тілінде сүйек жоқ,  
 Сөзінде түйін көп  
 Би-шешен жолын ашқан  
 Күйлері "Көбік шашқан"  
 Ұраны – бабасы  
 Қорғаны – батасы  
 Дауасы – даласы  
 Дарасы – анасы  
 Ұлдары ұлық болатын  
 Қыздары күліп тұратын  
 Ерлерді пір тұтқан  
 Жерлері сыр жұтқан  
 Жауларын жайратқан  
 Жаралған қайраттан  
 ҚАЗАҚПЫЗ!

Қазаны оттан түспеген  
 Шәйнегі шоқтан түспеген  
 Қымызы қуат берген  
 Шұбатын шуақ көрген  
 Жыланға ақ құйған

Ылаңды сап тыйған  
Мейманмен мерейі тасқан  
Жиғанын тойда шашқан  
Қонағын құдайы көрген  
Думанның шырайын берген  
Көкпары алаңда қызған  
Шоқпары қамалды бұзған  
Асығы бүк пен алшы  
Асылы — қазынасы  
Ата салтын ұмытпаған  
Бата салтын ұлықтаған  
ҚАЗАҚПЫЗ!



## УӘДЕ

Аспан-ұлдың әжептәуір әні бар,  
Басқа гүлдің бағынан күн табылар.  
Жасқа көмдім...  
Жанарымды аясаң,  
Жаныма кел... сағынар!

Жұлдызға сыр...  
Түнгі аспанды жол қылдық,  
Санамдағы сағынышым мол күндік.  
Қолыма қон — жүрегімді аясаң,  
Мен қайтемін?.. Ол — мұңлық.

Жалқы мұңның жалын тартып келемін,  
Жеңе алмадым.  
Себебі не, себебі...  
Менің түнім — өлеңімнің бақшасы,  
Сенің үнің — жүрегімнің қорегі.

Кірпігіме күлкі көктеп... гүлденсе,  
Тірі үмітті қайтем енді түн көмсе.  
Сенің сертің жыл айналмай жоғалған,  
Менің дертім топыраққа сіңгенше!



## СЕН МЕНСІҢ, МЕН СЕНМІН...

Жұлдызға жан беріп қара түн,  
Қаққанда қара түн қанатын.  
Соққанда сағыныш сағатын,  
Толқыным, толқыдың...  
теңселдім.

Кірпігін көтеріп жаңа күн,  
Көркіме қараған болатын.  
Дертіме дауасын табатын,  
Шарбы мұң, шарпыдың...  
еңсердің.

Күлкім һәм көз жасым — тағдырым,  
Ақ — кеше.  
Қара күн ал бүгін.  
Азды-көп шаттығым  
һәм мұңым,  
Қажеті болмады өлшемнің.

Басымды сүйеп тұр ұзақ таң,  
Білемін:  
Құтқармас тұзақтан.  
Жүрегін жылдармен ұзатқан,  
Көрдің бе күндердің кемсеңін?

Тәнсе де төрге нұр, өңге мұң,  
Сен кете алмайсың — сенгенім.  
Өзім боп кеткенсің сен менің,  
Өзіңе айналғам мен сенің.

## ШЕШІМ

Кесірін тартқан кезім көп,  
Көңілін мұңға малған күн.  
Сағынышымның өзі боп,  
Сезімім, неге алдандың?

Қиялай ұшқан қиял ғой,  
Қиырда қалай өсерсің?  
Ұйқымды бұзған ұяң ой,  
Үкімін өзің кесерсің.

Сүйемін дедім...  
Сүріндім,  
Жағымды ашып...  
Жаңылдым.  
Жығылмай тұрған туымның,  
Жығасын саған қалдырдым.

Есімде қалма!  
Елесің  
адасып кетсін санамнан!  
Не десе өзге о десін,  
Күңкілдей берсін адамдар.

Жолайрық — міне осы тұс,  
Айырсын сені...мені де...  
Алды-артыңа бір уыс  
Топырақ шаштым...  
Көрінбе!  
Шешімім — осы!

## ТОПЫРАҚ ТУЫС

Табаныма нұры сіңген тұрағым,  
Таңдайыма татқан дәмім — ырысым.  
Жарығымның нәрін алса мына күн  
Күтіп алар топырағым — туысым.

Тірлік мынау тамырыңмен түйіскен,  
Бөле алмаймын тағдырымның тағынан.  
Пешенемнің періштесін пейішке  
Ұзатқанда... жамылам...

Жалған сөзге қалса көңіл кезігіп.  
Сыз топырақ сызданады — ұғынам.  
Пенделердің пиғылынан безініп,  
Туысымның жылуымен жуынам.

Солай, қалқам...  
Топырақтан шошынба,  
Тағдырыңның кіндігі бар осында.  
Бұл топырақ — туысың да, досың да,  
Бұл топырақ — тәтті күлкің, жасың да.

Өзге жерге тәнін беріп...шерменді  
Шерін жұтып кетті қанша асылдар?  
Жасындардың жасы сіңген белдерді  
Еш күнәсіз басындар!

Тарихын да тарататын таңдардың,  
Тағдырымнан бөтені жоқ...бөтені...  
Топырақтан жаратылған жандардың,  
Туысы һәм риясыз мекені —

Топырақ туыс

\* \* \*

Өмір қосқан өз өрнегін,  
Күнә — шарап.  
Құй, күнім-ау!  
Әлемнің де көзәйнегін,  
Сүртпей киген сыйқы мынау.

Көзәйнегі буланып тұр,  
Буалдырлау содан ғалам.  
Күн қарайды ұрланып бір,  
Ол да себеп бола алмаған.

Енбес әлем нала-мұңға,  
Ебін тапсақ бар дауаның.  
Аналардың қабағында,  
Күлкісінде бар баланың...  
Бақыт жүр.



## ӨЛЕҢ

Өлең — менің ғұмырымның дастаны,  
Күрделілеу күмбірлеген күйін ұқ!  
Көңілімнің шарлап жүрмін аспанын,  
Ескі мұңнан еншіме ой бұйырып.

Өлең — менің тағдырымның таңбасы,  
Өмірімнің өз бейнесі бұл-дағы.  
Жанымдағы жарылыстың жазбасы,  
Қанымдағы құбылыстың құрбаны.

Тарау-тарау тағдыр қоспас бекер үн,  
Түн және таң татып улы тәтті ойдан.  
Өлең — менің өзім және мекенім,  
Саяқ мұңның саясында қап қойған.





## ҚАЗАҚ ДЕГЕН – ОСЫ БІЗ!

Көшкен күндер – кешегінің кемесі,  
Кешкені " шер. Татқаны тұз. Сор дала!..  
Өкімі зор өткен шақтың елесі,  
Есігімнен сығалайды ордама.

Табанымнан тағдырымды татқан бел,  
Ғұмырымыз тоғысып бір арнада.  
Алтын күннің алқымына қатқан шер,  
Айғыз-айғыз ай маңдайдан сорғала!

Өткен ізін бүгінімен сабақтап,  
Жаулығына жанын түйген даласы!  
Сөредегі сөйлеп тұрған парақтар –  
Әжім-әжім ғасырлардың наласы...

Маңдайыма қонған күрең күнімді,  
Көре алмай көлеңкем де алжасты.  
Қызыл ауыз тұншықтырып тілімді,  
Ұзын ауыз сыбырымды желге ашты.

Ғасырлардан желі тартқан күй осы –  
Қанмен жазған тарихында қайраты.  
Бөрі басты байрағымның киесі,  
Алты алашты айбарымның айбаты.

Қара бұлтты қақыратып таңдарым,  
Шерлі күннің шенін жықтым – Жеңгенім!  
Орақпен де орылмады орманым,  
Балғамен де басылмады белдерім.

Түндігімнің төресіндей бар үнім,  
Кіндігімнің кіресіндей қымбат-ты.  
Тамырымда бүлкілдеген тағдырым,  
Қауызынан жарып шығып ғасырдың,  
Сәби тілмен үн қатты.

Ұлығым деп ұлтын сүйген ұланды,  
Тұнығым деп тамсанумен өтермін.  
Қанатына күн қондырған қыранды,  
Байрағыммен бірге көкке көтердім.

Шаңырақтан тауып дәйім дос тұрақ,  
Жұлдыз болып жанған үміт таңымда.  
Ай мүйізді, қыран қанат, қос пырақ,  
Алтын таңба — менің асыл қанымда!

Күлкіміздің күміс көңіл ордасы,  
Құлқымыздың қақпанына сүрінбе!  
Жұртымыздың жұрнағы — асыл таңбасы,  
Ұлтымыздың ұлықталсын тілінде!

Ұраным бұл — ән қалықтар қанымда,  
Тұраным боп тыңдайды әлем аспаны!  
Ұлы әнім бұл — тарихым да, таңым да,  
Тұрағым бұл — текті ұрпақтың дастаны.

Ән ұраным қалықтаған көк белдер,  
Тағы мәлім қанат жаза ұшқаным.  
Өңменімнен итермейді өкпек жел  
Мерейім бұл —  
Менің Қазақстаным!

Айылдарын жия алмаған өр екпін,  
Шайырларың таңнан-таңға жырлаған.  
Ата жұртын аңсап жеткен жүректің,  
Дүрсіліне құшақ ашып тұр далам.

Осы дала — атам күйеу болған жер,  
Осы дала — анам сәлем салған жер.  
Осы дала — құт-қуаныш қонған жер,  
Осы дала — тарихы мол тұнған шер.

Ділі бекем әр қазақтың хан басы,  
Сан мың тағдыр — тұз аралас шекерден.

Алақандай жүрегінде Аласы,  
Елдігі нық ел еңсесін көтерген.

Сірә, біздер көз жіберсек бұл күні,  
Рәміздер — күлкі мен көз жасымыз!  
Тәуекелшіл материктің тұрғыны  
ҚАЗАҚ деген — осы біз!



## ТҮНГІ СУРЕТ

Түн сәбидің шешілмеген құндағы әлі,  
Махаббаттың таусылмаған қырдағы әні.

Самал-сұлу сипап, сылап өпкен сәтте,  
Қайың-қыздың сыбдырлайды сырғалары.

Ай шолпысын құлатып сап көк аспанға,  
Қою бұлттар арасынан ұрланады.

Жымыңдасып бір-біріне жұлдыз қыздар,  
Құлақ түрер желден хабар тыңдағалы.

Түн баласын тербетіп, самал сұлу,  
Жер — Анадан кетті хабар тыңдап алып.

Күн айналмай,  
күлкісін күллі әлемнің,  
Жеткізеді Аспан атты ұлға барып.

Аспан ұл ой үстінде қалықтайды,  
Сұлу сыр жеткеннен соң сырғаланып.

Шақырады ханзада таң сұлуын,  
Бір өзі қалғаннан соң сырға қанып...



## ОЙЛЫ КӨШ

Тамыр жол тарауында ұйып күйік,  
Ұйысқан мақпал ойдан қиып қиық,  
Күн қыздың құшағынан құтылған соң,  
Отырмын түн жігітке иық түйіп.

Күрмеліп күрең ойым өңменіме,  
Байландым да бақай бас белдеуіне.  
Керуен көш көлікті көзім күтіп,  
Шектелем шимай ойдың шеңберіне.

Құзырға құлдық ұрып жүгінетін,  
Көк мұнар күрең ойды күнім етіп.  
Сезбейсің...  
Сезінбейсің минут сайын,  
Жыртылған жүрегімнің жырым етін.

Ой қақпасын есерсоқ күймен бұзып,  
Ақтардым жүрек дертін түймемді үзіп.  
Сезімге сәуле салып бара жатыр,  
Бұлттардың бауырында бейнең жүзіп.

Қара бел,  
Қара түнді құндақтаған,  
Қара мұң батпағына кім батпаған?  
Әлемнің баға жетпес бағалысы —  
бір сенің күміс күлкің қымбат маған...



## ЖАЙЫҚҚА СЫР

Беу, Жайық!

Тулаған толқындар түбінен,  
Өзеннің өзіндік үнімен,  
Шер толы шежіре сөйлейді.  
Ақ толқын тері аққан тарихты ақтарып,  
Сақтардың ханымы секілді сақтанып,  
ертеңге үмітпен қарайды,  
Анамның жанары секілді арайлы,  
Бабамның өзіндей көрдің сен талайды.

Ғұндардың ғұрпының куәсі,  
Аварлар қалдырған ең асыл мұрасы  
Осынау толқындар астында.  
Мүридтер тоқтаған мекеннің,  
Дауысы жаңғырып жетер үн,  
Шакафанидың өшпеген шамдары,  
Ғасырлар қойнауын оятқан таңдары  
Сәуле боп түседі толқынға  
Жауға бас имеген батырлар әруағы.

Ғибадатхананың әр қуыс — бұрышы,  
Тыңдашы!  
Естілді тарихтың тынысы,  
Сөйлеп тұр бабалар тағдырын,  
Сөйлеп тұр аналар тағдырын.

Асқақ үн шайқаған аспан да,  
Дәуірлер дұғасы боп жеткен дастандар,  
Биікке бағасын білдірген жас талдар  
Көзімнің қарашығына  
сыр болып тамып тұр.

Беу, Жайық!

Мына кеште мұнар-мұнар мұң ішіп,  
Санасы аз сал ғұмырмен ұрысып,  
Саяқ кеттім, сәуле іздеп.

Табысы бар, намысы жоқ ұлдардың  
Ұясы бар, ұяты жоқ қыздардың,  
Тәнін жуған толқындарың жылайды,  
Тазалықтан тұрақ таппай мұңайды.  
Тарих әжім сала алмаған Жайығым,  
Ұлт ұятын жанұшыра жасырып,  
Жия алмай тұр айылын.

Мен қайтейін, күрең ішті кіл майсаң,  
Жайық ару жаны жүдеп, мұңайса.  
Бұрынғыдай кіршіксіз боп күлер ең,  
Сақ аруы бұрымын кеп бір шайса.

Беу, Жайығым, күлімде,  
Саған демеу болар мүмкін үнім де...  
Кешегідей сыр ақтаршы бүгінге  
Жүрегімнен гүл өрейін жағаңа,  
Шайырлардың тілінде!



## ЖҮРЕК ҮНІ

Бар сырыңды шерте білген,  
Мәңгі өшпейтін ертегім ең  
Күлкіңменен көмкерілген  
Кең дала.

Таусылмайтын дастаным да,  
Алатаудай асқарым да,  
Асқақ есім аспанымда —  
Сен ғана!

Жаныма мұң, жара салмас,  
Биігімсің аласармас,  
Көркіңмен күн санаса алмас,  
Елігім.

Көңілің көркем күн көзіндей,  
Жүрегімнен жыр үзілмей,  
Түсінеді бір өзіндей,  
Мені кім?





## АНА ЖҮРЕГІ

Мейірім төгіп елжіредің,  
Еркелетіп баладай.  
Сәбиінің жан жүрегін,  
Кім түсінер анадай.  
Күллі әлемді таң нұрындай,  
Тербетеді гүл өңің.  
Сенің аппақ жаулығыңдай,  
Менің адал жүрегім.

Жырға бөлеп ән салайын,  
Ақ жүрегін анамның.  
Нұрға толы жан сарайы,  
Ғажайыбы ғаламның.  
Жылдар салған қолтаңбасы,  
Терең әжім, ақ шашы,  
Әр адамның өз анасы,  
Бар әлемнің патшасы.



## ТӘТТІ ҚАЙЫҢ

Түн көйлегін кигенде қала мына,  
Жұлдыз қонып мезгілдің қабағына.  
Тым жас үміт қайыңды паналайды,  
Сыр жасырып гүлдердің сабағына.

Сырласады ғашықтар сарай сезім,  
Сұлулардың жел сүйіп арай көзін.  
Серілердің сабырын сынға салып,  
Осы жерде таусылған талай төзім.

Талай сырға кірпігін матырар ай,  
Сезімдердің мөп-мөлдір нәті қалай.  
Қайсар, нәзік қайыңның қабығына,  
Ғашықтардың жазылған аты талай.

Саясынан табылған жастар дәйім,  
Бал жапырақ жүректің қоштар жайын.  
Күрсінгеннің көзінде күлкі ойнатып,  
Ажырасқан жандарды қосқан қайың.

Беу, әппақ, тәтті қайың, тәтті қайың  
Сені бір қуантуға сеп болайын.  
Сәтті күнмен сырласып сырымды айтып,  
Тәтті жырмен саяңа кеп тұрайын.



## ТАҒЫ ДА...

Тағы да...  
Тағы таң келді,  
Тағы да сені сағындым.  
Саябақтар да сәнденді,  
Мен алқа, моншақ тағындым.

Тағы да...  
Тағы түн келді,  
Тағы да сені ойладым.  
Жапырақтар да сыр берді,  
Мен де бір сертті байладым.

Тағы да...  
Тағы ай толды,  
Тағы да сені сұрадым.  
Ескі ай есе қайтарды,  
Жаңа ай болды тұрағым.

Тағы да...  
Тағы жыл көшті,  
Тағы да неге келмедің?  
Жапырақ жүдеу күн кешті,  
Базарым едің сен менің.

Тағы да...  
Тағы ой жалғыз,  
Тағы да түнеп басыма.  
Таңыма қонды қайдан күз?  
Тағдыр дегенің осы ма?

Жапырақ байғұс сарғайды,  
Көктемін аңсап...сағына...  
Қабағымды мұң торлайды  
Отырмын жалғыз...  
Тағы да...

## ШАЙЫР

Аппақ таңның тілінен тамып балы,  
Күлгенде...

Күлкісін бір жан ұқпады.

Ғұмырлар-ай тереңге тебіренбес,  
Тағдырлар-ай, таяз ой тамұқтағы.

Айды сүйген аспанның ажары нұр,  
Күнге мәлім көктемнің базары бұл.  
Бес күндікте бағасын жан білмеген,  
Мұңы қалың шайырдың ғазалы жүр.

Азабы жүр өмірдің қабағында,  
Ғажабы жүр күндердің шанағында.  
Тамшысында теңіздің тағдыры бар,  
Таныта алмай көмілген дала мұңға.

Аспанға да сия алмай сыңар қанат,  
Ұлылардың атымен ұрандамақ,  
Дауысына бұлтындап бұлттар билеп,  
Жүрісінен өзен-көл сыр аңдамақ.

Жел билейді көк пен жер арасында,  
Ой көктейді орманды даласында.  
Өзегін жұлып берген өз мекені,  
Арланбаған аузына таласуға.  
Тер сорғалап өткен ер маңдайынан,  
Өз елін өрлетем деп дара шыңға.

Күллі орман үзбей тыңдар үніңді де,  
Нұр келді тар ниеттің түнін түре.  
Көктен түсіп жер бетін шуағымен,  
Шайып жатыр жыр-бұлақ бүгін міне.

## ЖАҚЫНЫМ

Аспан жақта асқақтаған сезімді,  
Сұрамайын боз айым.  
Өмір, маған өзімді бер, өзімді,  
Алақаным созайын.

Күлу үшін...  
Сүру үшін өмірді,  
Қапы қалған қалтаның  
қадыры жоқ..  
Тиын үшін терімді  
сарқып ішті әр таңым.

Қолым созсам бағынатын биік пе?  
Ақы тілеп алақаным мұңайды.  
Көркім бүгін көңілсіздеу кейіпте,  
Әй-әй көйлек сұрайды.

Қызыл-жасыл дүниенің сапында,  
Жүдеу тартқан күй құнсыз.  
Жылтыраққа жанары ауған жақынға,  
Құрғақ қасық — сүйкімсіз.

Қайырылмайды,  
Қайырымы жоқ елігім,  
Құлқынның боп қорегі.  
Теңдесі жоқ менің көктем көңілім,  
Теңгесі жоқ.. себебі...

Үміт-айым — есігімді қағатын,  
Тағдырымды ұсындым.  
Өзімсініп өзегіме қонатын,  
Өлең екен — түсіндім.

## ТОҚТАМ

Кірпігімді көмкерген тамшы мына,  
Сағыныштың шомылып таң шығына  
Сені бойлата алмай бар сырыма  
Үнсіз ақталдым.

Күлкі күтіп күндердің қабағынан,  
Жүргенде сая таппай сана мұңнан,  
Бір жылулық көргенде жанарыңнан,  
Іштей шаттандым.

Жапырақтар тағынып сырдан сырға,  
Саз ойнаса серпіліп тыңдарсың ба?  
Тауға бітіп толағай тұрған шыңға  
Сырымды ақтардым.

Қол жетпейтін қиялдың таңдарынан,  
Көз жетпейтін қиянның аңғарынан,  
Сөз жетпейтін сезімнің салдарынан,  
Іздеп тапқанмын.

Күндердің келбетінен күй ұғатын,  
Жаһандық жақсылықтың жиып атын,  
Көкейіңе сәуле боп құйылатын,  
Мен — ақ таңмын.

Үні болып уілдеп гүл бақтардың,  
Нотасына айналып ырғақты әннің,  
Естелігі болайық сол шақтардың,  
деп тоқталдым.

\* \* \*

Тағы да...  
Тағы да күйбең,  
Беліңді буып бекінші мейлі,  
Тағдырымның табына күйген,  
Жылдарым неге жетімсірейді?

Қарашығыма көміліп қалған,  
Қалың мұңымның қадырын білем.  
Сәулелі сезім жолығып алдан,  
Құтқаратындай жарығы кілең.

Тамсанып тұрып таңның нұрына,  
Саялап қалар санама кеп мұң.  
Үнімді қосып жаңғырығыма,  
Жыл — парақтарға аманат еттім.



## ЕСТЕЛІК

Сен кеттің...  
Келмесіңе көзім жетті,  
Мен кеттім...  
Оралмастан саған-дағы...  
Суарылған мұңменен сезім текті,  
Махаббаттың дастанын тамамдады.

Сағынбаймын...  
Санама салдым құлып,  
Енді қайта шырқалмас анық бұл ән.  
Десем де...  
Үмітіме жан бітіріп,  
Елесіңнің есігін қағып тұрам.

Қараймын үмітпенен текке несін?  
Кездесу — көңілімнен көшкен ұғым.  
Тек қана тәтті күлкің... тәтті елесің  
Жүрегіме қалдырған естелігің.





## РЕНІШ

Сағынуға да тұрмайтын,  
Зарығуға да тұрмайтын.  
Жылтыр бет, жалған күлкісі,  
Күнәлар жайлы жырлайтын.

Қызылды көрсе қызығып,  
Арамза жүрек тулайтын.

Ұзынды көрсе, ұрынып,  
Санаға сабыр қылмайтын.

Сайтани соқыр қылығы  
Сезімін гүлдің ұрлайтын.

Тұнық жанарды жылатып,  
Нәпсінің әнін тыңдайтын.

Арыңмен ойнап алысып,  
Еркектігін бұлдайтын.

Сағыныш селін күйреткен  
Құрып кетсін мұндай түн.



## АЛМАТЫДА ТУҒАН ОЙ

Базарым десең — базар бар,  
Ажарым десең — ажар бар.  
Көшеге нұр боп жауып тұр.  
Ақындар жазған ғазалдар.

Санамда тұнып сыр дара,  
Сағынышым боп сырғана.  
Бауырын таудың жастанып,  
Биікке қарап тұр қала.

Беу, Алматы, шырайсың,  
Бейкүнә түрде ұнайсың.  
Адалдығыңды жоғалтып,  
Биіктен кейде құлайсың.

Көктөбеңе де көктем кеп,  
Ой тастап аспан көкпеңбек.  
Құшағың жайып тұрасың,  
Қосылса дүбір шеттен кеп.

Алматы, асқақ қаласың,  
Сәбисің кейде данасың.  
Шаттығыңменен шақырып,  
Мұңнан да моншақ тағасың.

Бұлттарың билеп ән сап тұр,  
Шаңыңды жұтып шаршап құр.  
Апортпен бірге тоналған  
Адалдығыңды аңсап тұр.

Күнде бір думан басталып,  
Жайланды көңіл дос тауып...  
Күлкіңмен бірге тұрғандай,  
Жапырақтардан жас тамып...

\* \* \*

Әй, менің Аққайтымым!  
Көлім болсаң, көзімдей сақтайтыным.  
Өзенің боп өлкемді өріп өтсем,  
Алмас ем, ақпай тыным.

Әй, менің Аққолтығым!  
Жаныңа жуытпас ем жат қолтығын.  
Жайлаудайын жағаңды жәй сипаса,  
Самалдың сыбырынан сақтан, күнім!

Паһ, шіркін, Мұздайқұдық!  
Көркіңмен көрсетесің қыздай қылық,  
Екіұштылау тағдырыңа дәру болсам,  
Ерніңде еріп кетем тұздай күліп.

Әй, Ұлы, Кіші Борсық!  
Ұялдың ба, танаудың ұшы тершіп?  
Жайдарлысы бола ма жарқын жаздың,  
Кер даланың тұрғанда қысы өршіп.

Әй, менің сары құмым!  
Ойдан пісіп жатқандай кәрі мұңың.  
Бауырыңнан тараған әр ғұмырдың,  
Сездің бе басқан ізін — тағылымын?

Әй, менің алақандай ауылым-ай!  
Бақытқа байланса екен бағың ұдай.  
Амандық бер!  
Аңқылдақ ағайынның,  
Аузының бірлігін бер, тағы Құдай!

## ӨЛЕҢ – ДӘРУ

Бір келіншек кірді үйге.  
Жүзінен мұң байқадым.  
Анамменен бөлісті ол көкейдегі айтарын.

– Тұрмыс жайы, күйеуімнің батты,  
апа, жанына,  
Бала қамы, жетпес ақша — уайым  
мүжіп тағы да...

Желге ұшырып, сенімі мен  
бойындағы үмітін,  
Бір нүктеге қадалып ап отырады күні-түн.

Мүтедектік арбасына таңылғалы — қайғылы,  
Көзінен от көрінбейді.  
Тумай оңнан ай-күні.

Бесіктегі баламенен мен отырмын байлаулы,  
Жаңа өңді киім киіп, ұмыттық той тойлауды.

Күйеуімнің сенімі жоқ, — деп  
жылады келіншек —  
Аяп кеттім.  
Сұлулардың көз жасы боп төгілсек.

Тек қуаныш үшін ғана ағар едім  
тамшы боп,  
Сол шаттықтың тамшысынан көктеп  
жатса талшыбық,

– Қалқам, — деген анам сөзі кілт  
үзді де ойымды —  
Ой — тұңғиық, Қорқынышқа  
жеңдірмегін бойыңды.

Ем ұсынамын.  
Бірақ ақы сұрамаймын ол үшін,  
Сенімдімін: тілімді алсаң, үстем болар жеңісің.

Кітаптар бар.

Бұл байлықпен күйеуіңді таң қылғай,  
Жанына отыр, оқып берші бір  
өлеңін қалдырмай.

Басқасына бағынады, оны анық сеземін,  
Өзіне бер қалған кітаптардың кезегін.

Бұл өлеңдер тұнған дәру.  
Және мынау күйтабақ,  
Тыңдаған жан қала алмайды бейтарап.

Тағы бір ем: жылы сөз айт  
жабырқама, жабықпа,  
Сонда кемең бұрылады БАҚЫТ  
атты бағытқа.

"Жұмыс жоқ" деп налыса егер,  
"табылады ертең" де!  
Күлімдей жүр көрсетпегін  
көңіліңді шер кеуде.  
Міне, солай күлкіңмен жең,  
қиындықты, қарағым" —  
Сеніп кетті жас келіншек дауасына ананың.

— Ол не қылған кітап екен?  
Құран емес, анығы  
Бар ма Сізде сәуегейлік сәулесінің жарығы?

Уайымшыл жан қалай ғана күй  
тыңдайды? Ойлашы...  
Неге бердің күйтабақты  
бола қоймас пайдасы!

Ақыл сұрап келген жанды алдағаның —  
бұл қалай,  
Үлкен кісі, бұл қылығың ұят! —  
дедім шыдамай.

— Айналайын, — деді анам әжім  
жүзі әрленіп —  
Оқып көрсе, әр сөзіне мән беріп.  
Әлжуаз ой қалар еді әлденіп.

Кітаптарда қара сөз бар қайсар елдің  
қанындай,  
Өлеңдер бар.  
Өрнектері шарпуы мол жалындай.

Бұл ақынның ет жүрегі елжіреп тұр еліне,  
Махаббаты және бей-жай  
қалдырмаған мені де.

Күйтабақта өзі сүйіп орындаған күйлері,  
Бұл талантқа кімдер басын имеді?

Бұл кітаптар мендегі бар уайымды жеңгесін,  
Ұсынамын өзгелерге ниетіммен  
мен де шын. —

Бір толқыныс араласты  
анашымның даусына  
— Ол кім екен? — деп сұрадым бар  
тағатым таусыла.

— Ол — елге деген, жерге деген  
махаббаттың иесі,  
Сондықтан да биіктетем  
кітаптардың киесін.

Ол — Жүмекен есімді ақын.  
Ессіз сөздер жазбаған,  
Туған өлке. Өскен Отан.  
Тақырыбы — боз далам.

Көңіліңді бөлсең, рас, сергітеді жаныңды,  
Жүмекендей махаббатпен өсірсе ел әр ұлды.

Ері әлсіз болмас елдің,  
Сырқат құрық салмайды,  
Осылайша анам маған түсіндірді  
                                мән-жайды.

Ана сөзі қозғау салып,  
көкейіме ой тола,  
Өлеңдерін оқи бердім күніне он қайтара.

"Ақ шағала" аңқылдаған секілді,  
"Кішкентай" ой жарқылдаған секілді.

Осы екен ғой көңілін күй тербеген жазушы,  
Оқырманын даңққа итермеген жазушы.

Дандайсыған дақпыртқа бой  
                                бермеген жазушы,  
Қара басын томалақ-той жеңбеген жазушы.

Елді сүйем деп айтқаным — бәрі бос сөз —  
                                сенгенім,  
Сәулем де жоқ жүрегіне салып  
                                жүрген өзгенің.

Сонан бері махаббат пен өлеңнің,  
Қасиетіне бөлендім.

Жылдар өтті.  
Ымырт шақта бір жігітке жолықтым,  
Айтқандай-ақ, көршімізге ана ақылы  
                                қоныпты.

— Мен серпілдім дауасынан анаңның,  
Жүмекеннің жырларынан нәр алдым.

Тар санамды тұрмыс билеп,  
                                қалжыраған шағымда,  
Келіншегім көңілдене отыра қап жанымда.

Оқып берді ұлы сезім иесінің жырларын,  
Көңілімдегі көркем оймен ынтыға  
кеп тыңдадым.

Онан әрі тың тағатын тауысып  
бар төзімнің,  
Өзім оқи жөнелдім де жеңілдедім —  
сезіндім.

Бойымдағы қалжыратқан  
уайым-мұңды сейілтті,  
Мән-жайымды өзге емес. Өлең менен  
күй ұқты.

Көңіл бөліп, анаң марқұм маған  
солай берсе үлгі,  
Мен де бір сәт сейілтпекпін уайымы  
көп көршімді.

Уай, Жүмекен!  
Ұлы Абайдан татып өссең тамшы жыр,  
(табылмайды қағынғанға қамшы кіл.)

Санасыңда сәуле бардың көккейінде  
күй толар,  
Біздің сезім боп жүр әлі Сіздің жақтан  
бейхабар.

Татымы мол тұзды жырға табынғандар  
мол сірә,  
Алайда жұрт ала алмайды Сіздегі ойға  
қол сұға.

Өміршең бұл өлеңдерден байқалар мұң.  
Бақыт та,  
Менің сөзім тәуелді боп тұр әзірге  
уақытқа.

Шипалығын сезер ме екем — ертеңді,  
Мәңгілікке жамылған соң көрпемді?!



\* \* \*

Өмірдің өрім қамшысы,  
Өрулі сонда тағдырым.  
Күрмеуде көңіл тамшысы,  
Жанымның жібек жаңбырын.

Жаныштап кеткен қай дауыл,  
Сарсылтар кімді сұрағым?  
Қыдырып жүзім ойға бір,  
Тебеді тағдыр тымағын.

Ұяда жатыр бұйығып,  
Жүзіне түннің ай тамған.  
Сұңқармен бірге күйініп,  
Септесер дейсің қай қарға?

Боз ала таңды аңсаған,  
Бозторғай кетті желге ұшып.  
Қауқарсыз іздеп жан сауға,  
Көңілім қалды жер құшып.

Бар ма еді басқа қылмысы,  
Жасырып күнді ай басты.  
Гүлменен бірге тырмысып,  
Сақалын жұлып, ой қашты.

Үілі бөлек өзі үнім,  
Жүр екен кезіп қай маңды?  
Айнала берген қозымын,  
Уақыт — қазыққа байлаулы.



## ҚАҺАРЛЫ ҚЫСҚА НАЗ

Құрығын салған қыс мына,  
Қақпандай қарып қысты да.  
Қасқырдай ұлып қасқа жел,  
Құтыңды құды ысқыра.

Қапталдап соққан қар — боран,  
Қарқынын қарап, таң болам.  
Қасқа аяз тұрақ таппайды,  
Қарғыған иттей қаңғыған.

Қаһары қанды қуырды,  
Қарбалас қалып бұрынғы.  
Қарабас қамы қуысқа,  
Қалтырап барып, тығылды.

Қаһарлы қыс-ау бұрынғы,  
Қаладың кімнен құныңды?  
Құтырып, қаның шабардай,  
Қай қаймағың бүлінді?

Қарқыннан бір күн тынарсың,  
Қайғырып көлкіп жыларсың.  
Қаһарыңменен есімде,  
Қалайын деген шығарсың.



## БАЛ ДӘУРЕН

Бұйдасын ізген балғын шақ,  
Бақыт боп қайта қонбайды.  
Балалық әуен, алтын сәт,  
Базарым — қолын бұлғайды.

Сырғанап сағым сан жылдар,  
Сергелдең салдың — таппадым.  
Қамалып қайда қалдыңдар,  
Былдыр да былдыр — тәтті әнім.

Ақ қайың , келдім алдыңа,  
Болмасын менде бос үміт.  
Тәтті сәтімді қалды ма,  
Жапырақтарың жасырып?

Жанарым шашса от демін,  
Жетелеп жылдар тізбегін.  
Жоғалды көңіл көктемім,  
Табылар ма екен?  
Іздедім.

Балдаурен шағым — гүл өлкем,  
Күлкісін таптым күнімнің.  
Жасырынып тұр екен  
Жанарыңда ұлымның.



\*\*\*

Жасыл бояу көшкелі —  
Қызғалдақтың құны кем бе көктемсіз?  
Күл — ошақтың өткелі,  
Тағдырымыз тамырласқан:  
От пен Біз...

Күмістеймін күндерді,  
Қырық жаным — қасіретім. Ғәм бағым.  
Жамау-жамау іргемді.  
Зерлей берем.  
Алтын түстес бармағым.

Түндерімнің асылы —  
Әлдиіме ән арнаған күн ерен.  
Ғұмырымның шашуы.  
Қос құшағым:  
Бірі — әлди. Бірі — өлең.

Сағыныш сары бекініс,  
Бал ұсынған балғын сәтке шөліркеп.  
Ойға батам... Өтініш,  
Сәбиімнің күлкісінен көрін тек.

Күні көшіп көктемнің,  
Күз кептері жасыл баққа қонарсың.  
Ақ жаулыққа жеткен күн  
ақ орамал, сен де сағым боларсың.



## ӘКЕ ТІЛЕГІ

(поэма)

## I

Ұясына ұйып қонды күн. Іңір.  
Тіршіліктің тармағына тұнды жыр.  
Өмір деген ала-құла кітаптың,  
Әр парағы таусылмайтын бір ғұмыр.

Ақ бұлақтар өмір әнін шырқамақ,  
Ақ қыраттар аласармай тұр қарап.  
Дина әжем бір сыр айтты ақтарып,  
Өмір жайлы ашылды да бір парақ,

— Тыңда, қарғам, — деп бастады  
сөз басын. —

Тағдырыңа таңба етіп жазғасын.  
Өмір деген өзімшіл де кең пейіл,  
Өмір деген қуаныш пен көз жасың.

Өмір кейде бал береді ұсынып,  
У да берер — іше алмассың тұшынып.  
Адам бірақ ғұмыр кешер  
Бір күні,  
Бал мен удың бітетінін түсініп.

Жылдар өтер...  
Шырмап талай жасты мұң,  
Көрер көзің қасқырлардың қастығын.  
Бақыт деген бағасы зор өлкені,  
Көп іздеумен өтті менің жастығым.

Ақ маңдайлы ару едім көрікті,  
Қолын созған талай сері —  
Бөрікті.  
Сұлулықты төгіп берген Тәңірім,  
Шаттығымды сараң қолмен беріпті.

Болғаным ба, соншалықты өлермен?  
Кезім жоқ-ты мол бақытқа кенелген.

Мен өмірге келген күні анашым,  
Қоштасыпты мына жарық әлеммен.

Мойымас ем қиындықтың біріне,  
Зар боп қалдым қамқоршымның үніне.  
Екі жаста әкемді де жұтыпшын,  
Құрт ауру жетті әкемнің түбіне.

Балалықтан шаттық көрген емеспін,  
Жалғыздықтың ескегін де көп естім.  
Жан жылуын сезіне алмай өмірдің,  
Мен осылай тұлдыр жетім боп өстім.

Ағайынға түсті менің салмағым,  
Күңі болдым.  
Бірақ жақсы ат алмадым.  
"Жалмауыз" деп маған құйып беретін,  
Жатып ішер екі ұлынан қалғанын.

Тәтті естелік қалмады ғой бал күннен,  
Айналамнан сезбей жайлы жарқын дем.  
Мен осылай он жетіні толтырдым,  
Қабағыма қайғы қатқан қалпыммен...

Сезім гүлдеп, шырқалда да тәтті әнім,  
Он жетімде атты менің ақ таңым.  
Қара шашқа ақ орамал жапқаным,  
Сол көктемде ақ босаға аттадым.

Бақытты едім.  
Жар атандым.  
Келінмін.  
Дәмін татып сезім менен сенімнің.  
Өткен еді ең аяулы шақтарым,  
Саясында Махмұт атты ерімнің. —

Тоқтады әжем.  
Қабағында мұң қалың,  
Тербеп жанар сағыныштың ырғағын.  
Күрсінісін күллі әлемге сездіріп,  
Әжімдері шертіп кетті сырларын.

## II

Шаңыраққа ырыс берді жаратқан,  
Төрт түліксіз қай қазақтың таңы атқан?  
Махмұттың қоңыр көшті тірлігі,  
Кең жайлауда қой өргізіп, мал баққан.

Бақыт қонды.

Ата разы.

Ене де,

Келін келіп, кеңейді енді кереге.

Шамшырағы шалқып жанған шаңырақ,

Қапылыста дауыл соқты.

О, неге?

Сол бір көктем көңіл болмай қалыпты,

Сыбағасын көк пен жерден алыпты.

Долы дауыл,

Қатты нөсер төкпелеп,

Табиғат та тосын мінез танытты.

Өліара шақ,

Мал-жан үшін майдан-ды,

(тағдырыңнан асырып көр айланды)

Төрт түлік мал, жаңа туған төлдер де

Тасқын судың құрбанына айналды.

Үш күн. Үш түн.

Көк те күннен адасты,

Үш күн. Үш түн.

Жанарлардан нұр қашты.

Аласапыран, арпалысқа түскен сәт

Қора тұрмақ үйдің ішін су басты.

Мал — жанды ойлап, қас-қабағын мұң басып,

Ата кетті жылқы іздеп, қырды асып.

Келіні жүр тыным таппай жас жаны

Үйден тысқа шелек — шелек су тасып.

Махмұт кетті анасымен жайлауға,

Жанталасып, маңдай тері қайнауда.

Қора бұзып, ықтап кеткен желменен,  
Айдауына көнбей қойды қойлар да.

Көктемгі жел —  
Ызғар қарып барады,  
Көктен нөсер төпеп жатыр даланы.  
Жанұшырып шыр-пыр болды.  
Табиғат,  
Аямады ананы да...баланы...

Үш тәулікте көк те күнмен қауышты,  
Үш тәулікте нөсер тағат тауысты.  
Салқын өтіп Махмұт пенен анасы,  
Сырқат соғып, шыбын жанмен алысты.

Екі сырқат.  
Екі төсек.  
Ақ үміт,  
Келін отыр жарын ойлап қамығып.  
Кемпіріне қимастықпен көз тастап,  
Ата отыр жаратқанға жалынып.

Жұлдыз сәуле шашқан сәтте жамырап,  
Махмұтқа тұрақтамай тағы бақ,  
Он жетіде жесір қалып келіншек,  
Жоқтау айтты "Боздағым" деп аңырап.

Қайғы жапты, әкесінің қабағын,  
Келін отыр жаспен жуып жанарын.  
Келіншектің зар жылаған дауысы,  
Құлағына жетті сырқат ананың.

Енді қалай көңіл шіркін жай табар?  
Ана жүрек бір сұмдықты байқаған.  
Баласын бір көрмек болып, ұмтылып,  
Құлап түсті төсегіне қайтадан.

Таң алдында сырқатты мұң — тор қамап,  
Қайырылмай кетті тағы қолға бақ,  
Алпысында аласарып шер көңіл,  
Ата қалды сақалдан жас сорғалап.



Асқар таудың құлады да биігі,  
Күйретті кеп ұл мен жардың күйігі.  
Аңқылдаған,  
Жарқылдаған жарқын жан,  
Іштен тынып болып алды бұйығы.

— “Неге бізге үйірілді қара түн?  
Қос қимасым — қатар сынды-ау  
қанатым,” —  
деп егіліп келініне сездірмей,  
кең жайлауда еркін жылап алатын.

Ал, келіні, қайғы мүжіп тағатын,  
Жанарынан жас толассыз ағатын.  
Мал өргізіп, ата кетсе жайлауға,  
Қос молаға барып мұңын шағатын.

— “Кешір, апа, қайғы езді еңсемді,  
Көз алдымда дем алдыңыз ең соңғы.  
“Келін келсе, аяғынан” деуші еді,  
Құтсыз келін болғаным ба мен сорлы?”

Кешір, жарым, мен бір мұңлық пендемін,  
Мәңгі бірге болам деп серт бергенмін.  
Бақытымды көп көрді ме жаратқан  
Құшағыңда отыз-ақ күн тербелдім”. —

Бір-біріне алмайық деп байқатып,  
Қос мұңлық тек сағымға сыр айтатын.  
Келіні де көрсетпейтін көз жасын,  
Атасы да үйге үнсіз қайтатын...

### III

Айлар өтті.  
Арада көп күн өтті,  
Қос мұңлықты сынық көңіл жүдетті.  
Жүкті екенін білген сәтте келіншек  
Қуаныш күй тербеп кетті жүректі.

— “Балам, — деді бірде атасы келінге,  
Шеменді шер тартты көңілім менің де.

Басың жас қой.  
Бақытыңды байлама!  
Теңіңді тап!  
Шаттығыңнан шегінбе!" —

Келінінің жасқа толып жанары,  
Атасына жалынышпен қарады.  
— "Мені, ата, өзегімнен теппеңіз,  
Көңіл қаяу және жаным жаралы.

Саяңыздан кетпеймін мен: себебі,  
Бесік тербеп, ана болғым келеді.  
Махмұттың шамын жағар өшірмей,  
Құрсағымда балаңыздың бөбегі.

Талай кештер мұңға бөлеп батар көп,  
Талай таңдар арайланып атар кеп.  
Бар қайғыны ұмыттырар немерең  
Мойныңызға асылғанда "ата" деп". —

— "Сағындырды, зарықтырды.  
Жеңді мұң,  
Құлыным -ау, не деп тұрсың, құлдығым?  
Жарымнан да айырылып, кемді күн,  
Баламнан да айырды ғой, шер мұңым.

Тәубе! Тәубе! Бақыттымын мен бүгін,  
Есігімді қаға алмайды енді мұң.  
"Әке!" деші.  
Бауырыма басайын,  
Маңдайыңнан иіскейін, кел, күнім.

Қызым! Гүлім!  
Үмітіңді жағайын,  
Өзің болдың қызғалдағым, арайым,  
"Әке!" деші бауырыма басайын,  
Әкең де мен.  
Анаң да мен болайын.

— "Әкетайым, енді таптым өзіңді," —  
деп Дина қыз жас жүрегі езілді.  
Жетімдіктен ерте қамыт киген қыз,  
Әкесінің жан жылуын сезінді.

Бұл қара жер кімнің жасын тауысты?  
Бұл қара жер талай тәнмен табысты.  
Екі мұңлық — атасы мен келіні,  
Әкесі мен қызы болып қауышты.

#### IV

Уақыт емші.  
Адам жанын түлетпек,  
Өтті ақырын айлар жылжып... жыл ептеп.  
Дүниеге сәби келді  
Атасы  
Немеренің атын қойды Тілек деп.

Келді өмірге торсықтай ұл шекесі,  
Той боп жатыр.  
Шаттық қонған беті осы.  
Немереге ғұмыр тілеп...  
Қызына,  
Бақ сұрады жаратқаннан әкесі.

Бұл атасы тым балажан болатын,  
Қызына да бәйек болып қалатын.  
Немереге сүтін беріп ешкінің -  
Бесікке де өзі баптап салатын,

Қара қанат жайған кезде қара түн,  
Түн ұйқысын төртке бөліп бағатын.  
Қызын аяп.  
Тал бесікті тербетіп,  
Әуелетіп өзі әлдиге салатын.

Немересі жасқа толып жетілді,  
Атасына әрбір сөзі өтімді.  
Қызы болса "Әкешім" деп еркелеп,  
Сырласатын өз анасы секілді.

VI

Бірде жаздың жайма шуақ түні еді,  
Пыс-пыс етіп ұйықтап жатты Тілегі.  
Әкесі кеп қыздың сипап басынан  
— "Бір сырың бар ішке түйген үнемі.

Күнім менің, ішке бүкпе үніңді,  
Айта қойшы көкейдегі сырыңды," —  
Деді-дағы маңдайынан сипады,  
Дина қыздың көзіне жас тығылды.

— "Әке! — деді үні аралас дірілге —  
Күнім өтті қайғырумен, мұңыммен.  
Махмұтымнан ажал келіп айырды,  
Тіршіліктің тынысынан түңілгем.

Сіз қанатсыз.  
Мен қанатсыз — бос кеуде,  
Басымыздан қайғы бұлты көшкенде.  
Әкем болып от пен судан қорғадың,  
Дәл осылай жасай алмас еш пенде.

Сіз едіңіз оятқан да үмітті,  
Сондықтан да аштым сырлы құлыпты.  
Көрші ауылдан кезіктірдім, әкешім,  
Дәрмен атты бір мұғалім жігітті" —

Дина енді әкесіне қарады,  
Әкесінің сәл жымыып жанары.  
Ақырын кеп маңдайынан сүйді де,  
Бір күрсінді.  
(Қайтсін, жаны жаралы...)

— "Алтыным-ау, қонғаны ғой саған бақ,  
Жүруші едім тағдырыңа алаңдап.  
Бірақ, — деді сәл күмілжіп әкесі —  
Ал, тілегім?  
Тілегім ше?  
Не болмақ?"

Дина қыздың қылығы жоқ өрескел,  
— “Әкешім-ау, ассам қанша белеске.  
Әрине, ол жаныңызда қалады,  
Тілек — сіздің өз балаңыз емес пе?

Әкесінің бал-бұл жанып жанары,  
Қуанышын жасыра алмай қалады.  
— “ Ақылдым сол, тілегімнен айырма,  
Сенің сөзің бәрінен де бағалы.

— “Айналайын, сенің бағың өрлесе,  
Бақыттымын, бақыттымын он есе.  
Бата беріп, тойың жасап ұзатам,  
Қыз айттырып, құда келсін ендеше!..”

## VII

Міне, солай атам болды әкем де,  
Міне, солай атам болды шешем де.  
Анамдай боп мені өмірге баулыды  
От жаққызып, ұстатпады көсеу де.

Көрсем енді өткен күнді саралап,  
Қорғап мені бауырына орап ап.  
Әкем маған бір сәт қарсы шықпады,  
Мен әкеме келтірмедім жаманат.

Әкем менің түзеп кетті көшімді,  
Әрбір ісін етуші еді дос үлгі.  
Махмұттың ақ Тілегін әддилеп,  
Дәрменнің де бес баласын өсірді.

Тілек өсті.  
Ол еңбекқор ұл қандай,  
Өн бойында ізгілік нұр тұнғандай.  
Ойға тұнған жанарына көз салсам,  
Атам — әкем маған қарап тұрғандай.

Тәубе, менен алшақтады үрей, мұң,  
Жер бетіне жас тамбауын тілеймін.

Бес бауырға қамқор болып Тілегім,  
Ұстап отыр шаңырағын бір үйдің.

Дәрмен де оны жатсынбады бөтен деп,  
Көңілі — ақ, сөзі бал да, шекер де.  
Мен отыз күн аза тұтып жыладым,  
Кеткенде әкем мәңгі қайтпас мекенге.

85 жыл соқты әкемнің жүрегі,  
Сонда — дағы еңбекқор да, тың еді.  
Ақтық демі жақын сәтте әкемнің,  
Маған айтқан ақ батасы — тілегі.

" — Өмірде көп құлазыдым,  
Болды қайғы мұң — азығым.  
Дидарыңнан айналайын,  
Дина қызым, разымын!

Өзің болдың сырласым да,  
Өзің болдың мұңдасым да.  
Әр күнінде сан мыңдаған  
Шаттық қонсын бір басыңа!

Болсын мақсат — мұрат басым,  
Көгіңе күн шуақтасын.  
Жаббар ием жар боп мәңгі,  
Ошағыңды құлатпасын!  
Қара бұлт та төне алмасын,  
Құлынымды жылатпасын!  
Достарыңа күлкі қылып,  
Душпаныңа сынатпасын!  
Әумин!"

— "Өтті талай өкпек менен,  
Тағдырым бар шеттетпеген.  
Әкемнің кең ықыласы,  
Бір жамандық беттетпеген.  
Батасымен бағым жанып,  
Тілегімен көктеп келем.

Ғұмыр кешіп тәтті үмітпен,  
Әжең осы сәтті күткен.  
Әкемдей жан көп болса екен,  
Жүрегінен бақ түлеткен" —  
деп ақ әжем әңгімесін  
Аяқтады ақ тілекпен.

### *Эпилог*

Өткендер қалай оралар?  
Қайыспас, қайтпас қара нар.  
Келінін қызым деп білген,  
Қайран да біздің бабалар!  
Бүгінде билік тиында —  
Құл болып кетті саналар..  
Тойынған сайын құнығып,  
Биігім болды тоналар.  
Дүние қуған пенденің,  
Иманы бойдан жоғалар.  
Баласын тастап далаға,  
Толып жүр көкек әкелер,  
Толып жүр көкек аналар.  
Әлемнің әсем тілегі —  
Қалмасын жетім балалар!



\* \* \*

Сен бір нүкте...  
Мен бір нүкте...  
Қос нүкте...  
Қосылғыштар мекеніне көштік те  
Тең болады:  
Екі жанар от шашты  
Қос нүктеде қалмаған-ды ес түк те...

Көктем көңіл сезім баққа көш тіреп,  
Бір ғаламат тәп-тәтті сәт кешті кеп.  
Қос құшаққа сиып кеткен әлемнің,  
Әуенімен билеп жүрді қос жүрек.

Сен бір нүкте...  
Мен бір нүкте...  
Бірігіп  
Сағыныштан солған сезім тіріліп,  
Махаббаттың шарабына мас болып,  
Құшағыңда құлап жатты бір үміт...

Көп нүктелі көңіліміз бүр жарып,  
Терезеден ай қарайды қызғанып.  
Бізде ес жоқ...  
Сен белімнен босатпай,  
Мен отырмын сені айдан қызғанып...

Бақыт деген осы екен ғой...  
Бақ деген,  
Айырбастай алман алтын тақпенен.  
Бұл махаббат — жүректердің жарасы,  
Бұл махаббат — әлемдегі тәтті өлең.



## САҒЫНЫШЫМ

Күн күлкісін тиып сәл,  
Айға сеніп ұйықтар.  
Сағынамысың, сен мені,  
Санамдағы асқақ биік тал.

Ай сәулесіне айналып,  
Ақ жүзімді сүйіп қал.  
Түсіме тұлғаң енбесе,  
Тәтті ұйқымда күйік бар.

Сен өзің дертке ем дара,  
Есінен танып ен дала.  
Түні түрпідей Ақтөбе,  
Түрі кірпідей мен ғана.

Сабылып сені іздеген,  
Сағымым сұлу тізді өлең.  
Қиялдың бұзып қамалын,  
Қауышқан жанбыз біз деген.

Сондықтан, шырқап тағы да ән,  
Үн тыңдап сезім бағынан.  
Адаспай түннің тағынан,  
Күн қалғығанда  
Күлімдеп,  
Түсімде келші  
Сағынам.



## АЛҒАШҚЫ СӨЗ

Шұбырған жыл көші қондырса көзіме мұң,  
Көңілім сынып... қирап...  
Мен неге езілемін?  
Тістері шықпаған тілінің уыты жоқ, —  
Тәп-тәтті алғашқы сөзім менің.

О, менің тәтті сөзім!  
Мезгілдер тонап кеткен,  
Жерден де жылу таппай телмірем  
қарап көкке.  
Балалық тілімнен бал тамса үзік-үзік  
Білмеппін  
Ғұмыры дәл солай шолақ деп те...

Білмеппін  
Күндерде жаңарып...  
Тозарын...  
Уақыт та озарын...  
Сол менің тап-таза сәбилік үнімнің  
Таба алмай жүрмін мен ғажайып ғазалын.

Сонан соң...  
Шарасыз қалымда талдырып көздерді,  
Бойларын түзеген кездерді  
көремін  
ақ-қара...  
алғыс та...  
қарғыс та...  
көшеде көпіріп көбейген сөздерді...

Ұрлықшы жылдардың төлеуі сол ма еді,  
Електен өткізер ел нені?  
Кейде кешіргім келеді  
менің де  
санасы сарсылтқан пендені.

Бірақ...  
Киесіз...  
Жүйесіз...  
Сөзде бар неге мұң?  
Шешімін таба алмай мұң кешкен өлеңім.  
Жауды да қайтарған  
Дауды да тойтарған  
Қып-қызыл тілімнен у тамып кетпеуін  
Тілеумен келемін...



## КӨШЕДІ

Күн көшер ұясына — мекені бар,  
Түн көшер.  
Оның да өз өтеуі бар.

Гүл көшер:  
күздің бәрі көктем емес,  
құм көшер  
жылжымайтын өткел емес.

Су көшер.  
Құм жұтады.  
Құнығады.  
Күл көшер белгісіздеу ырымы әлі...

Құс көшер жылы жақтан хабар алған,  
Түс көшер ұйқысы жоқ жанарлардан.

Бұлт көшер аспаны зор қонсын биік,  
Жұрт көшер:  
“Көш көлікті болсын!” дейік...

Жел көшер желіктіріп жел қаңбағын,  
сел көшер қос ескекті тез қамдағын!

Мен көшем.  
Тек жанымда бол, аппағым,  
Сен де көш.  
Жанарыма қонақтағын.

Өзгертсе де өң түсін ғалам бүгін,  
Көшпесін адамдығың. Адалдығың.

## ЖҰБАТУ

Ұртынан у ішті ғаламның,  
Кешегі сұлу қыз.  
Сүйікті ұл.  
Қотыры кетпеген қоғамның,  
Құйқасы күйіп тұр.  
Күйіп тұр.

Дауасы жетпейдң даламның,  
Ауасы ауру. Жұтыңыз.  
Қолқасы қабынған қоғамның,  
Сауыққан сәтін сіз күтіңіз.

Кірлеген көйлегін қаланың,  
Шешуге жете ме шамаңыз?  
Асқақтау аспан да ала мұң,  
Қараңыз.  
Біз қайда барамыз?

Суыққа шалдыққан сөз көші,  
Жылуың бар ма еді?  
Беріңіз.  
Күндердің қалғандай бізде өшір  
Түн тәнін ашады.  
Көріңіз.

Көріңіз.  
Көріксіз келбетін,  
Көріңіз.  
Қайтеміз?  
Шыдаңыз.  
Ұяттан өртенген жер бетін,  
Біз жауып тұрамыз.

## ҚАЙРАУ

Кеудеме қона алмас енді сыз,  
Алқымнан алдырман.  
Мен алмас.  
Күлкім бар күміске бергісіз,  
Тұрқым бар тонналар жеңе алмас.

Сыймайтын қалыпқа, пішінге,  
Бір қызық ыолмысым бар енді.  
Жалын бар жанарым ішінде,  
Әнім бар тербеген әлемді.

Көңілім күмбірлеп күйді айқын,  
Өмірім — өзімнің қолтаңбам.  
Мұңым бар ешкімге қыймайтын,  
Үнім бар күтетін әр таңнан,


Жыр ана жанарға от берген,  
Көңілі кіршіксіз көлденмін.  
Титімдей бойыма бақ берген  
Тағдырдың таңбасы ол менмін.



## МАЗМҰНЫ

"Кейде барым,.."	3
Мүсінші.....	5
"Дерті қалың Ай неге?.."	6
"Сен келесің әйтеуір..."	7
"Сипа, самал,.."	8
Өлтіре алмаймын.....	9
"Сүймек түгілі..."	10
Әке әлдиі.....	11
Әкемнің әні.....	12
Із.....	14
"Қыс көшіп барады..."	15
"Көзеке толған у шұбаттан мұң татып,.."	16
Іздеу.....	18
Көк арманым!.....	19
"Тағдыр қосса бізді егер..."	20
"Теректің желегін тауысам,.."	21
Жалғасу заңы.....	22
Ана сөзі.....	24
"Тәңірім, татыршы бір тамшы бақыт,.."	25
Сары мұң.....	26
Жайықта қалған сағыныш.....	27
"Бағынбайтын бақ тұғырым,.."	28
Үн.....	29
"Берекемді қашырма!.."	30
Қара қыз.....	31
Анама хат.....	33
Анама хат — 2.....	34
"Өңін ойлап өңештің өзім кеткем,.."	35
Қаламым.....	36
"Жамау бұлттар жөңкіліп барады аспан,.."	37
"Көз тоқтатсам өзегіне өрттің бір,.."	39
Нүкте.....	40
"Түндігін түріп тірлігімнің бір мезет,.."	41
"Күн алып шырайын көктең,.."	43
"Жоңышқалы жерімді,.."	45
Өмір.....	47
Ақын.....	49
Күз және Сіз.....	50
Жай ғана.....	51

"Ізде тағы..."	52
"Арайлы ататын таң кеше..."	53
Жолайрық...	54
"Елеңдеп терезеден сыртқа үңіліп..."	55
18...	56
"Ай патшайым жетелеп түнді көшіріп..."	57
"Беймезгіл уақ..."	58
Теңесу...	59
"Ертегім едің ерекше..."	60
Қате...	61
Киіз тірлік...	62
"Тағдыр пенде таба алмай сынауға түк..."	63
Жасын...	64
Сенім...	66
"Жыр көздеген жылдардың түні мерген..."	68
"Көңіліме күз жайып сап күдігін..."	69
Қарсыз қаңтарда туған өлең...	70
Ақтөбемен сырласу...	71
Ауылды сағыну...	72
Дәрменсіздік...	73
Ымырт...	75
"Көкжиекке күнмен батып өшкен үн..."	76
"Сәулелі ойдан санам жарылған..."	77
Өлім жоқ!	78
Жас...	80
"Көзімнің ішіне күмп беріп..."	81
Күнә...	82
Өмір – театр...	83
Сөнбес шолпан...	84
Мағжанның монологы...	88
Махамбеттің монологы..	89
Айбын...	91
Абайға жүгіну...	93
"Әлемнің жанарын қаратты..."	95
Үн қату...	96
Мінезді дала...	97
Күту...	99
Жаңбыр мұң...	100
Сыр...	101
ҚАЗАҚ – БІЗ!	103
Уәде...	105
Сен менсің, мен сенмін...	106





Шешім.....	107
Топырақ туыс.....	108
"Өмір қосқан өз өрнегін,.."	109
Өлең.....	110
Қазақ деген – осы БІЗ!.....	111
Түнгі сурет.....	114
Ойлы кеш.....	115
Жайыққа сыр.....	116
Жүрек үні.....	118
Ана жүрегі.....	119
Тәтті қайың.....	120
Тағы да.....	121
Шайыр.....	122
Жақыным.....	123
Тоқтам.....	124
"Тағы да..."	125
Естелік.....	126
Реніш.....	127
Алматыда туған ой.....	128
"Әй, менің Аққайтымым!.."	129
Өлең – дәру.....	130
"Өмірдің өрім қамшысы,.."	135
Қаһарлы қысқа наз.....	136
Бал дәурен.....	137
"Жасыл бояу көшкелі – ..."	138
Әке тілегі ( <i>поэма</i> ).....	139
Эпилог.....	149
"Сен бір нүкте..."	150
Сағынышым.....	151
Алғашқы сөз.....	152
Көшеді.....	154
Жұбату.....	155
Қайрау.....	156

# Гүлжайнар Қалдина

## Әке әлді

Сарашысы — *Ұлжалғас Зәуірбекова*  
Техникалық сарашысы, безендірген және  
беттеген — *Нүргүл Сейдахметова*

Теруге 03.09.12 жіберілді. Басуға 28.09.12 қол қойылды.  
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Таймс”. Пішімі 84x90<sup>1/32</sup>.  
Офсеттік басылыс. Баспа табағы 10,0 б.т. Шартты баспа  
табағы 7,0. Таралымы мемлекеттік тапсырыс бойынша 2100  
дана+баспа есебінен 500 дана. Тапсырыс № 1083. Келісімді  
баға.

ИБ № 5117

“Жалын баспасы” Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.  
050009. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143/93-үй.

Тел.: (727) 394-36-40

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан  
басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

1



Гүлжайнар Қалдина

Ақтөбе облысы, Шалқар ау-

даны, Аққайтым ауылында өмірге келген.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік универ-

ситетінің түлегі. Еңбек жолын «Ақтөбе» облыстық газетінен

бастады. Кейін облыстық «Керек.инфо» қоғамдық-ақпараттық

аппалық газетінде тілші және жауапты хатшы қызметін атқарды.

Гүлжайнар республикалық ақындар мүшәйраларының жеңім-

пазы, Т. Молдағалиев атындағы арнайы сыйлықтың иегері.

2011-жылы Павлодар қаласында өткен республи-

калық жас қаламгерлер фестиба-

лінің лауреаты.

